Мақалада қазіргі қоғамның өзекті және курделі мәселелері қарастырылған – онкология, атап айтқанда – онкологиялық аурулармен және олардың отбасыларымен әлеуметтік-медициналық жұмыс. Біз инкурабельді онкологиялық науқастарға және осындай науқастармен әлеуметтік-медициналық жұмыста ерекше орын алатын олардың отбасыларына паллиативтік көмекке назар аудардық. Паллиативтік көмек ауру емдеуге келмейтін және ауырсынуды және басқа да симптомдарды басқару маңызды әлеуметтік, психологиялық және рухани мәселе болып табылатын кезде ұзақ уақыт ағымдағы аурулары бар клиенттерге белсенді көмек, қайтыс болғанға дейін клиенттерге көмек көрсету болып табылады. Жұмыстың ұйымдастырылуы инкурабельді науқастарға паллиативтік көмек көрсету проблемаларын шешудің негұрлым тиімді нысаны болып табылатын хоспис макаласына, сондай-ақ әлеуметтік қызметкердің паллиативтік медицинасын штатқа енгізу қажеттілігі мәселелеріне ерекше назар аударылады, бұл инкурабельді науқастар мен олардың отбасыларының өмірін сапалы жақсартуға мүмкіндік береді. Ауыр науқасқа жалпы күтім жасау мәселелері бойынша пациенттердің туыстарына сауалнама жүргізілді.

Кілт сөздер: паллиативтік көмек, инкурабельді науқастар, оңалту іс-шаралары, өмір сапасы, үй жағдайындағы күтім.

Summary

Seidakhmetova A.A., Kauzbay Z.A., Kalmenov N.Z., Aden G., Kylyshbekov K.D.

Shymkent city, South Kazakhstan Medical Academy

THE MAIN ASPECTS OF THE PROBLEMS OF PALLIATIVE CARE TO PATIENTS AND THEIR FAMILIES

The article deals with actual and complex problems of modern society – Oncology, namely – social and medical work with cancer patients and their families. We focused on palliative care for incurable cancer patients and their families, the organization of which occupies a special place in social and medical work with such patients. Palliative care is active care for clients with long-term current diseases at a time when disease is untreatable and when managing pain and other symptoms is a critical social, psychological and spiritual issue, assisting clients until death. Particular attention is paid to the article hospices, the organization of which is the most effective form of solving problems of palliative care for incurable patients as well as the need to introduce a staff of palliative medicine social worker that will qualitatively improve the lives of incurable patients and their families. A study was conducted, namely a survey for relatives of patients on the General care of the seriously ill.

Key words: palliative care, incurable patients, rehabilitation measures, quality of life, home care.

**Секция «ГУМАНИТАРНЫЕ ЗНАНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЕДИКОВ: ВОПРОСЫ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЙ
КОЛЛАБОРАЦИИ»**

FTAMP: 03.01.11

Абдурахманов Н.А., Суйербаева Ж.Е.

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан
**ЖАСТАРДЫҢ ДУНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН
ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ**

Мақалада жастардың дүниетанымын қалыптастырудың құралдары мен жолдары туралы кейбір мәселелер қарастырылған. Ғылыми дүниетанымды қалыптастыруға сан түрлі факторлар ықпал жасайды. Олардың құрамында адам өмірінің материалдық жағдайлары, өмір сүріп отырган микро және макро ортасы, көпшілік хабарларды тарату құралдары, оқыту мен тәрбиелу кіреді. Ғылымда бұл факторлардың бірдей күшпен және тиімді әсер етпейтіні белгілі. Сондықтан болашақ мұғалімдер дүниетанымды бағдарлы қалыптастыратын факторларды басқаруды үйрену керек.

Кілт сөздер: жастар, мектеп оқушылары, дүниетаным, жаратылыстану ғылымы, тарих, дүниетаным негіздері.

Дүниетанымның психологиялық құрылымы танымдық, эмоционалдық және еріктік сияқты құрамаларды қамтиды. Білім жеке көзкарас сенімге айналу үшін оны тек ойластырып қана қоймай, терең сезіну, қогамдық өмір және іс-әрекетпен салыстыруы керек.

Дүниетанымды қалыптастыру өткінші процесс емес. Ол адам өмірін түгел қамтиды. Оқушының жалпы дамуында бұл процесс түрліктерге үздіксіз өзгерістерге үшірайды. Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру оларды осы заманғы ғылыми біліммен қаруандыруға сүйенеді. Бұған мектепте оқытылатын барлық пәндердің қатынасы бар.[1]

Мектепте оқытылатын жаратылыстану, математика ғылымдары табиғаттың құбылыстары мен процесстері және зандыштықтары туралы белгілі ұғым жүйесін жасайды. Ботаника, жалпы биология курстарын оку, мектептің оқу-тәжірибе участекелерінде, оқушылардың өндірістік бригадаларында шекірттер жұмыс істей жүріп, өсімдіктердің даму процесін адам баласының толық меншере алатындығына көзі жетеді.

Физика, химия зандарын білу және сол пәндер бойынша тәжірибе жасау оқушылардың дүниенің пайда болуы мен дамуы туралы түсінігін, дүниетанымдық көзкарасын және сенімін нығайтады. Физика, астрономия сабактарында адам ойының табиғаттың сырын бірте-бірте ашуы, тануы және зандарын пайдалану турали оқушылар түсінік алады. Бұл жөнінде гарышкерлердің космосқа ұшуы, оның кеңістігін зерттеу пән мұғалімдерін бай материалдармен қамтамасыз етеді.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда гуманитарлық ғылымдардың алатын орны ерекше. Тарих, әдебиет сабактарында қогамның дамуы туралы шекірттердің диалектикалық-материалистік көзкарастары қалыптасады, олар адам өмірінің мәніне, мұраттарының, мінез-құлқының бағыттылығын, іс-әрекетінің мақсатын анықтауга түсінеді.

Тарих курсы қогамның даму зандарын түсінуге мүмкіндік жасайды. әдебиет адамдар арасындағы қарым-қатынасқа жаңа өмірге, еңбекке жастардың дұрыс көзкарасын тәрбиелейді. Әдебиет сабактарында оқушылар өмір шындығымен, Отандық және дүниежүзілік мәдениеттің барлық прогрессілік дәстүрлерімен, идеялық байлығымен танысады. Сонымен мектепте оқыту оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың маңызды құралдарының бірі. Олай болса оқыту процесінде бірқатар психологиялық және педагогикалық шарттар жүзеге асырылуы керек. [2]

Мұғалімнің ғылыми дүниетаным негіздерін қалыптастыру іс-әрекеті кезеңдерінің нақты жоспарлауын қамтамасыз ету. Бірінші кезеңде мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастыру ісінің жүйесінде әрбір пәннің орнын анықтау, пән аралық байланысты айқындау, негізгі философиялық, саяси-әлеуметтік және адамгершілік идеяларды бөліп алу маңызды. Екінші кезеңде мұғалім оқушыларды айқындалған идеяларды магыналы ойлауга жетелейді, оларды пәндерді окуудың уақыты бойында логикалық және деректік сипатына қарай күрделенетін ретпен тізбектей орналастырып, бірнеше басқаша боледі. Үшінші кезеңді дүниетаным кортындыларын топтауды міндет етеді. Төртінші кезеңде оқытылатын материалдан шығатын дүниетаным кортындыларын тақырыптарға сәйкес болу және оларды сабак жоспарында, оқушылардың өзіндік жұмысы үшін берілетін тапсырмаларды белгілеу жүзеге асады. Бесінші кезеңде оқушылардың оқуын, ғылыми дүниетану негіздерін қалыптастыруды басқаруға комектесетін оқушылар танымдық іс-әрекеттерінің тәсілдерін, оқытудың әдістері мен формаларын анықтайды.

Табиғат пен қоғамдық өмірдің танылуға тиісті құбылыстарына окушылардың жеке қатынасын қалыптастыру. Дүниетаным идеяларын менгеруге окушының белсенді және орынды қатынасы оның ақиқат екіндігіне сенімін қалыптастырады.

Алган білімді менгеру, қолдану және үздіксіз бекітудің бірлігі. Білім тек саналы ойлау жұмысының нәтижесінде алынып, тәжірибеде тексеріліп, іс-әрекеттің жетекші идеясына айналса ғана дүниетаным сипатын алады.

Окушының адамгершілік қатынас тәжірибесін жүйелі жинауы. Адамгершілікті көзқарастарды қалыптастыру, терендету мен бекіту, окушыны қоршаган орта, оны қоғамның – саяси белсенділікке, өз бетіндік іс-әрекетке және жауапкерлікке итермелейтіндегі жағдайда қоюды талап етеді.

Мұғалім – ғылыми дүниетаным иесі және оны жузеге асыруши. Жалпы, окушының дүниетану-дағы жәрдемшісі мұғалім. Ол рухани жан дүниесі бай идеялық, психологиялық және әдістемелік даярлығы бар, ой-орісі кен және берік көзқарасты адам болы керек. [3]

Әр түрлі сыныптың және мектептен тыс тәрбие жұмыстары окушылардың ғылыми дүниетанымын дамытудың қажетті құралы. Мұндай тәрбие жұмыстары арқылы мектеп окушыларының қоғамдық өмірге ынталын тәрбиелейді, саяси және мәдени ой-өрісін көңілдейді, олардың еңбекке, мамандықты таңдал алуға көзқарасын қалыптастырады. Осы бағытта жүргізілетін түрлі оқу пәндері, жас натуралистер мен жас техниктер станцияларының, көркемөнер үйрмелерінің тәрбиелік мәні аса зор. Үйрмелер мен клубтар окушыларды қоғамдық іс-әрекетіне еліктіреді, олардың арасында ғылыми көзқарасты насиҳаттайды, қоғамға қарсы теріс пікірлер мен қызықтарды қолдаушыларға ықпал жасайды. [4]

Мектепте, үйелмен және өндірісте окушылардың қоғамдық пайдалы еңбегінің, олардың қоғамда өз роліне бақытты өмір сүруіне түсінуінің, өзінің алатын орнын білуінің маңызын атап кеткен жөн. Өйткені еңбек процесінде окушылар әр түрлі ұжымдармен, жеке адамдармен карым-қатынас жасау арқылы білім және практикалық дағдыны игереді, қоғамдық қатынастар тәжірибесін иемденеді. Осының нәтижесінде окушылардың адамгершілік көзқарасы, сенімі мен сезімі дамиды. [5]

Көп жылдар бойына әдебиет беттерінде атеистік тәрбие сөз етіліп келеді. Адамның дүниетанымын қалыптастыруды қажетті құралдардың бірі болды. Атеизм туралы ұғым тарихта діни оқулықтармен, олардың әр түрлі заманда үстемдік ету сипатымен байланысты болды. Атеизм ғылыми негізге сүйене отырып, құдайды бекерге шығарады. Міне, осы тұргыдан казіргі қайта құру кезеңінде атеистік тәрбиені әр түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастырады.

Ғылыми-атеистік тәрбиенің негізгі мақсаты дүниенің материалды біртұтас екендігі жөнінде окушылар көзқарастарының жүйесін қалыптастыру. Ең маңыздысы окушылар жас шамасының мүмкіндігінен сай дүниеде мәнгі козгалыстар және диалектикалық дамитын материалдан басқа ешнәрсенің жоқ екендігін түсінуінде.

Міндет – окушыларды жаратылыстан тыс күшке сенуді жокқа шығаратын ғылыми атеизммен қаруландыру.

Атеист болу дегениң өзі тек құдайға сенбеу емес, дүниеге дұрыс, ғылыми көзқарастың болуы. Окушы атеизм адамның тұлғалық мәнінің бір қыры екендігін түсіні.

Дүниені диалектикалық, материалистік, атеистік тұрғыдан қаруадың элементтері ең алдымен оку процесінде қаланады. Қандай пән болмасын, оның оқу материалы дұрыс қойылса ғана мазмұны балаға тәрбие берудің объективтік алғы шарты бола алады. Окушыларға атеистік тәрбие беру құралдарының ішінде үйимдастыру жолдары алуан түрлі сыныптан тыс жұмыстар ерекше орын алады (сұхбаттасу, кино, теледидарлық материалдар көрү және талқылау, діни сенімдерге байланысты кештер, жиындар, пікірталастар өткізу, саяхаттар, түрлі үйрмелер т.б.). Бірқатар балаларды діни салттар әуестендіру мүмкін. [6]

Ғылыми атеистік тәрбиеде үйелмен, окушының құнделікті тұрмыстық ортасы манзды роль ойнайды. Окушы үйелмені, оның тұрмыстық ортасын, атеистік тәрбиеде мұғалім өзіне көмекші етіп алғаны жөн. Бұл жер де мектеп мұғалімі дінге сенуші ата-ананың немесе басқа үйелмен мүшелерінің сөзімен аяқаста етпеуі керек.

Қоғам дамуының жаңа сатысында тәрбиеге ықпал жасайтын факторларға біржакты, тыым салу тұрғысынан қарауга болмайды.

Кейіреулер қайта құру, жаңарту кезеңінде болып жаткан жағдайды пайдаланып, діни тәрбиені кен өріс алуын барынша қолдайды. Осы тұргыдан мешіт және шіркеу қызметкерлерінің адамгершілік тәрбие тақырыптарына діни кітаптардың, әсіресе құранның, таураттың үзінділерін пайдаланып, лекциялар оқуына, әнгімелер өткізуінә оку орындарының есіктегі ашыла бастады.

Мешіттер жаңынан түрлі діни мектептер ашылып отыр. Мұндай мектепті бітірген жастар келешекте кім болады, қоғамда қандай роль аткарады? Бұл да шешім табуға тиісті мәселе.

Бірсыныра ғалымдардың пікірлері бойынша тауратты, басқа да діни әдеби және тарихи кітаптарды пайдаланып, дүние жүзілік мәдениетпен және өнермен жастарды таныстыру қажет. Мысалы, Мәскеудің мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде студенттер антик және орта гасыр әдебиеттері бойынша семинар сабактарында діни тауратты пайдаланады, демек, грек, Римнің қоғамдық құрылышы, мәдениеті және өнерімен танысады. Бұл жерде сөз діни тәрбиесі туралы емес, студенттерді тарихи - әдебиет көне ескерткіштерімен таныстыру. Өйткені бұлардың дүние жүзілік мәдениет даму процесінде пайда болуын түсіні қын. [7]

Бірақ шіркеумен және мешітпен жақындауды тіпті дінмен келіскендіктің белгісі деп қарастыруға болмайды. Олармен араласпау, қарым-қатынас жасаумау, оларға қарсы тұру діни қызметкерлері мен көнгөм арасында болмауы тиіс. Теологтар өздерінің діни тарихының халықтар мәдениеті туралы білім тапшылығын болдырмауда белгілі қомек көрсетеді.

Бәрімізге белгілі барлық классикалық кесіндеме таураттық (біблия) сюжетке негізделген, классикалық музика көп дауысты шіркеу әнін бойына сіңірген, бұрынғы философиялық оку осы қайнар бұлакпен қоректенеді.

Сонымен, біздер дүние жүзінің әдебиеті мен тарихи мәдениетіне түсінбей, ешуакытта жастардың жалпы мәдениет деңгейін жоғары қотеру мүмкін емес.

Казіргі кезеңде жастардың дін деген не, оған олардың қозқарасы, өмірге катынасы қалай, міне, осы мәселелерге терен ойланып, шыдамдылықпен қарау тиіс. Осыған орай, оқыту және тәрбие барысындағы басты міндеттер -бұл дүниетанымдылықты дамыту, атеистік білімнің бірыңғай жүйесін қамтамасыз ету еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын және ғылыми үдеуді есепке алып, жастардың ғылыми-атеистік тәрбиесінің деңгейін қотеру, толық сенімі мол белсенді атеистерді тәрбиелеу.

Дүниетанымын ғылыми-материалистік тұрғыдан түсіндіруді жақтайды. Олардың халық арасында әр түрлі жаңа салттар мен әдіс-ғұрыптарды кеңінен тарату жөніндегі болымды істеріне қомектесіп, бағыт беріп отырған жөн. Демек, осы бағытта мешіт, шіркеу қызметкерлері жалпы адамдық құндылық және мейірімділік қозғалысына үлес қосуға тиіс.

Әдебиеттер

1. Әбдалаева Ш. Халық қолөнері. Алматы. Рауан. 1992.
2. Әбдуәлиева Ш «Қазақтың қолөнері» – әдістемелік құрал
3. Әбдуәлиева Ш «Халық қолөнері» Алматы. Рауан. 1992
4. Байжігітов Б «Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері» Ақтөбе. «А-полиграфия» ЖШС 2003 ж
5. Болатбаев Қ, Ибрағимов Ұ «Бейнелеу өнері» Алматы «Ата-мұра» 2001 ж
6. Бапанов И.В. Бисер «Народное творчество», 2001ж.
7. Бағдарлама «Қолөнер» (8-11 теренде тілген сыныптар үшін) Шымкент 2002

Резюме

Абдурахманов Н.А., Сүйербаева Ж.Е.

RSIU

О СРЕДСТВАХ И ПУТЯХ ФОРМИРОВАНИЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ МОЛОДЕЖИ

В статье рассматриваются вопросы о средствах и путях формирования мировоззрения молодежи в современном мире. Отличие мировоззрение школьников от других слоев населения в понимании как религиозных ценностей, так и материальных направлений.

Summary

Abdurakhmanov N. A. Suerbaev J. E.

RSIU

ABOUT MEANS AND WAYS OF FORMATION OF

The article deals with the means and ways of forming the worldview of young people in the modern world. The difference between the outlook of students from other segments of the population in the understanding of both religious values and material directions.

FTAMP: 03.01.07

Дүйсебаев М.Т., Тулкиев К.Ж.

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

БАТЫС ЕЛДЕРІНДЕГІ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

Мақалада Батыс елдеріндегі орта ғасырларда неке әлеуметтік қатынастардың шығу тарихы туралы теориялық мәліметтер берілген. Неке институтына және жалпы ерек пен әйелдің арасындағы қатынастарға деген қозқарастар орта ғасырларда эволюцияга ұшыраған болатын. Шіркеу қызметкерлері кез-келген некеге адамзат атауының ата-анасы бол есептелетін Адам ата мен Хаяу ананың жасаған құнәсі деген сын қөзбен қарады. 451 жылдан бастап шіркеу қызметкерлерінің некеге тұруына тыйым салына бастады. Қылған некелер айыпталып, некеге тұрудан бас тартқан адамдар ғана «нагыз христиан» деп танылды.

Кілт сөздер: неке тарихы, неке институты, Батыс қоғамы, орта ғасыр, шіркеу зандары, ерек және әйел қарым-қатынасы, патриархалдық сипат.

Неке туралы түсініктердің тарихи дамуы әлемнің әр жерінде әр түрлі көрініс тапты. Неке туралы діни қозқарастардың орнына кейде этикалық қозқарастар да кабылданды. Бұл жағдайда неке құпия ретінде де емес, шарт ретінде де емес, ерекше бір институт түрі ретінде қарастырылды. Некеге мұндай анықтама

берген И.Кант болатын. Мұны «Метафизика нравов» енбегінен да көргөде болады [1]. Оның ойынша келісім-шарт тұжырымдамасы некеге қатысты колданылмауы керек, өйткені келісім-шарт некені тудыра алмайды. Келісім - шарттан тек белгілі бір мақсатты түсінуге болады. Ал неке адамның бүкіл өмірін қамтитын және белгілі бір мақсатқа жетумен емес, ерлі-зайыптылардың өлімімен ғана тоқтатылатын бір күбылыс.

Бұл теорияның жетіспеушілігі, неке туралы этикалық көзқарастарды құқық саласына аудару болды. Құқық, міндетті турде сол кезеңнің этикалық көзқарастарына сәйкес құрылуы тиіс еді. Бірақ құқық түгелдей тек этикалық нормалардан тұра алмайды.

Плюралистік қогамда, оның барлық мүшелерінің неке туралы бірдей көзқарастарды ұстануы мүмкін емес. Сондыктан да, құқық жүріс-тұрыс ережелеріне негізделе отырып, тек құқықтық реттеуге жататын әрі құқықтық реттелуге мүктаж неке қатынастарының болғын қамтыйды.

Некенің құқықтық мазмұнына қатысты бірнеше теориялар бар. Олар: некені келісім ретінде, құпия ретінде, ерекше бір институт ретінде түсіну.

Некені келісім ретінде түсіну теориясы Ежелгі Римде қалыптасты. Классикалық кезеңнің Рим құқығында, некеге тұрудың барлық негізгі нысандары қарапайым азаматтық шарттық белгіге ие болды. Өйткені Римде, құқықтық реттеу пәні ретінде тек ерекше неке қатынастары танылды [2]. Кейіннен канондық нормаларға сәйкес, неке институты оның рухани байланысты құпия сипатқа ие болады.

Некенің түрлі қатынастар тобын боліп қарастыруға болады: рухани, физикалық және материалдық. Әрине, революцияға дейінгі және қазіргі таңдағы галымдардың көбі некенің рухани және физикалық элементтері құқықпен реттелеуді деген көзқараспен келіседі.

Бірақ некелік одакты құрайтын қатынастарды осылайша болу теориясы бірден қабылданған жоқ.

Ортағасырлардагы отбасы құқығы өте үлкен тарихи маңызға ие. Отбасы құқығы католик шіркеуінің істерімен қалай дамығандығына тоқталайық.

Неке институтына және жалпы ерек пен әйелдің арасындагы қатынастарға деген көзқарастар ортағасырларда эволюцияға ұшыраган болатын. Католик шіркеуі некені өте кеш таныды. Ортағасырлардың басында папа Ұлы Грегорий (530-604) мен Әулие Иеронимнің (347-430) шығармалары-на негізделген некеге деген көзқарас кең өріс алды [3].

Шіркеу қызметкерлері кез-келген некеге адамзат атаулының ата-анасы бол есептелеғін Адам ата мен Хая аданың жасаған құнәсі деген сын көзben қарады. 451 жылдан бастап шіркеу қызметкерлерінің некеге тұруына тыйым салына бастады. Қылыған некелер айыпталып, некеге тұрудан бас тартқан адамдар ғана «нагыз христиан» деп танылды.

Қазіргі таңда бұл көзқарас мұлдем жойылып кетті десек қателескен боламыз. Барлығына белгілі болғандай католик шіркеуінде, тек некеге тұрмаган адамдар ғана қызмет өте алды. Алайда әулие Иеронимнің кезінде-ак некеге қатысты Қасиетті жазбада Гиппонск епископы Августинге (Блаженный Августин) тиесілі (354-430) басқа да анықтамалар болған. Августиннің айтуы бойынша заңды некедегі жыныстық қатынас өлі құнәдан кешірімді құнәға айналады. Августиннің бұл тұжырымдамасы IXғ. басында ресми түрде мақұлданды. Сол кезден бастап қана шіркеулік неке халық арасында кең тараға бастады. Бұған дейін неке қатынастарында екі дәстүр сакталып келді: соғы антикалық және ежелгі грекиялық дәүіріндегі дәстүр. Бұл екі дәстүр бойынша неке одагының бірнеше түрін бір уақытта қолдануға тыйым салынған жоқ. Ортағасырлардагы неке қазіргі таңдағы неке түсінігінен мұлдем ұзақ болды. Ол кезде неке деп ұзакқа созылған некелік жыныстық одак танылды.

XI ғ. бастап некеге бір құпия ретінде қарала бастап, мұндай көзқарастың салдары некесіз қатынастарға және некені бұзуга тыйым салуға әкеп соқтырды. Триденттік собор некені құпия деп танымайтын және некені бұзуга жол беретін кез-келген адамға анафема белгіледі. Ерлі-зайыптылардың әлеуметтік жағдайлары бір-біріне сәйкес келмеген жағдайда шіркеу ондай некені заңсыз деп таныды. Жақын туыстар арасында неке киоға жол берілген жоқ. Бірақ ерлі-зайыптылардың ешқайсысы қалған кезінде басқа бір ауылға кете алмады. Канондық құқық әйелдердің құқықтық жағдайын нашарлатты. Неке жасы қыздар үшін 12, ұлдар үшін 14 жас деп белгіленді. Сол кездерде Гай секілді Рим заңгерлері табиғи занға сүйене отырып, әйелдердің ерлі-зайыптылардың мүлкіне билік ету құқығынан аластарату әділетсіз деп санап, жыныстар тенденгін үағыздады.

Француз заңгері Тирако 1513 жылғы «Неке туралы зандар» атты еңбегінде былай деп жазған: «әйел - ең теменгі жаратылыс, оның қызметі тек бас ию. Оны табиғат солай жаратқан. Ер адамдар 36 жасында, әйелдер 18 жасында некеге тұруға тиіс».

Ортағасырлардагы Батыс Европа елдерінің отбасы құқығына келетін болсақ, ортағасыр — әлемнің көптеген болігінде мемлекеттік құқықтық процестердің өткен кезі. Батыс Европада бұл процесс төрт кезеңді қамтиды: ерте феодалдық монархия, ленно вассалдық монархия, сословиелік өкілдік монархия, абсолюттік монархия. Әрине бұл кезеңдерді барлық мемлекеттер бір уақытта басынан кешірген жоқ. Бұл олардың ұлттық тарихының ерекшеліктерімен анықталды. Батыс Европа елдерінде құқықтық жүйе дами бастады. Феодалдық быттыранқылық дәүіріндегі бұл процестің маңызды белгісі — бүкіл мемлекетте зандық құшке ие бірыңғай заның болмауы еді [4]. Англияның феодалдық құқығы бөлек дами бастады. Қоپ ұзамай батыс европалық құқықтың англосаксондық және континенталдық құқық деп бөліну процесі басталды. Моногамды некенің христиандық тұжырымдамасы Европа елдерінде тек XII-XIII ғасырларда

танила бастады. Неке қиу процедурасына шіркеулік ризашылық, ягни шіркеудің рұқсаты қосылды. Алайда «неке», «әйел» деген түсінкітер алғанда ашыла қойған жоқ [5].

Неке-отбасы қатынастарының өте маңызды бір қосымша көрінісі, XII-XIII ғасырларда пайда болған әйелдің гибадатын (куртуазный культ Дамы) айту қажет. Оның шетелде пайда болуы XI-XII ғасырлармен байланыстырылады. Францияда негізі қаланып, кейіннен Европа қаланып, басқа елдерінде де дами бастады.

Европада XII-XIII ғ.ғ. әйел гибадатының кеңінен таралуы, әйел затына деген көзқарастың өзгеруіне әкеп соктырды. Ол ғасырларда еркек пен әйелдің арасындағы қатынастарды өзгерту қажеттілігін барлығы түсіне қойған жоқ. Бұл ең алдымен құндылықтар жүйесін түгелдей бағалауга дейін баратын интеллектуалды элитага қатысты еді. Ондай гумманистік интеллегенция алдымен Италияда пайда болып, кейіннен Францияда және XIV-XV ғасырларда Батыс Европа елдерінде пайда болды. Оның қызметі үлкен масштабты болмағанымен сол топтың көзқарастары әйтілі француз жазушысы Кристина Пизанскаяның «Книга о граде женском» атты кітабында орын тапты. Кристина Пизанскаяның айтуы бойынша әйелді де Құдай жаратты және өзінің қабілеті жағынан еркектен ешқандай да қалыспайды [6].

Кристина сәтсіз некелердің болуының себебін әйелдің болмысынан емес, нақты адами қателіктерден іздейді. Ал қателік жасау еркекке де әйелге де тән қасиет. Отбасының бақытты немесе бақыттыз болуын ерлі-зайыптылардың екеуіне де байланысты екенін айтады. Эрине, Кристина әлемнің христиандық моделіне тән әркектің үстемділігіне қатысты дәстүрлі көзқарасын жоққа шығара алмайды. Дегенмен де интеллектуалдық және моральдік тұрғыдан алғанда еркекке тән қасиеттердің әйел затының бойынан табылатындығы туралы Кристинаның көзқарасы ортагасырлық дәстүрлердің кайта қараудағы маңызды қадам болып табылады.

Отбасы қатынастары сипатының әр түрлі болуына қарамасстан, әр мемлекетте және әр уақытта әркектің және әкениң үстемдігі қағидасы негізінде құрылған.

Францияның солтүстік бөлігіндегі ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың арасындағы қарым-қатынастар еркінірек болды. Мұліктік қатынастар отбасының басшысы ретінде еркек иелік етіп билік ететін мұліктің жалпылығына негізделіп құрылды. Францияның оңтүстігінде мұліктік жалпылық болған жоқ. Еркек неке бұзылғанға дейін әйелдің жасауын иеленіп, өлгеннен кейін әйелдің иелігіне өтті. Францияның оңтүстігінде рим құқығының әсерінен өситет бойынша мұра қалдыру кең өріс алды. Солтүстікте мұра қалдыру еркіндігі шектелді. Мұра қалдыруыш заң бойынша мұрагерлердің жоққа шығара алған жоқ. Феодалдық иеліктер тек еркектерге өтіп отырды. Ал әйелдер әскери қызметтерге қабілетсіз деп танылып, мұраның ешқандай түріне иелене алмады. Осындай отбасы неке қатынастары католик шіркеуінің дін окуйының негізіндегі канондық құқықпен реттелді.

Францияда неке және отбасы қатынастары канондық құқықпен реттелді. XVI-XVII ғасырларда патша билігі отбасы неке қатынастарына мемлекеттік ықпалды нығайту мақсатында неке қиофа жататын шіркеулік нормалардан шегінді. Некениң өзі баяғыдай шіркеулік кітаптарда тіркелгенімен, кейіннен тек діни құпия ретіндеғанда емес азаматтық жағдайдағы акт ретінде де қарастырыла бастады. Некеге тұру кезінде ата-ананың келісімі қажет етілмейтін канондық құқық кайта қарауга жатқызылды. Бұдан былай, ата-ананың еркінен тыс некеге тұрушулылар, мұрага құқыққа ие болмайтын болды. Сонымен қатар, XVIIg. бастап ата-аналар «кюре әрекеті», ягни ата-ананың келісімінсіз некеге тұру әрекеті бойынша Париж Парламентіне шағым жасауга құқық алды [7].

Канондық құқық бойынша некениң бұзуға болмайтындығымен байланысты Парламент ондай некениң заңсыз деп тани алмады, бірақ заңсыз негізде киылғандығын жариялаған. Дегенмен де мұндай неке заңды салдар тудырмайтын еди.

Германияда Франциядағы секілді құқық өзінің шұбарланқылығымен ерекшеленді. Қала халқы ертеде пайда болған және дамыған қалалық құқықпен реттелді. Сол кезеңнің неміс құқығында дәстүр басым болды.

Жалпы құқық нормалары жазылған жоқ, тек ауызша беріліп отырды. Германияда неке отбасы қатынастары канондық құқық негізінде пайда болды. Некениң жалғыз нысаны шіркеулік неке болды. Шіркеу некениң жарамдылығына байланысты күрделі бір жүйе жасап шығарды. Белгілі бір неке жасына жетуден басқа, туысқандық дәрежеге және болашақ ерлі-зайыптылардың арасындағы қарым-қатынастарға қоңыл аудару қажет болды. Басқа бір тұлғамен некелескеннен кейінгі немесе шоқындырылмаған тұлғамен қиылған неке жарамсыз болып табылды.

Шіркеу некениң бұзуға қарсы болды, алайда кейбір жағдайларда (бір-бірінің көзіне шөп салу) ерлі-зайыптылардың бөлек тұруларына рұқсат етілді. Мұндай жағдайда мұлік бөлінуге жататын болды, әйелдің үлесі мұліктің тән жартысын немесе үштен бірін құрады.

Христиан шіркеуінің ықпалы нәтижесінде VII-IX ғасырларда немістердің неке отбасы қатынастарында елеулі өзгерістер пайда болады. 789 жылы Ұлы Карлдың макұлдаған 744 жылдың капитулярийи христиандық канондарға сәйкес киелі деп жарияланған некениң бұзылуға жатпайтындығын бекітті. [8].

Шетелде қайталанатын некелерге тыйым салатын некениң шіркеулік рәсімделуін міндеттейтін алғашқы заңнамалық актілер пайда бола бастады.

Неке қалыңдықты сатып алу нысанында жасалды. Некеге тұру мақсатында қалыңдықты алып қашқандарға айып салынды. Некеге тұруға кедергі болатын жағдайлар анықталды. Олар: занды некенің болуы, тұлғаны заңдан тыс деп жариялау, жақын туыстық қатынас, адамның еріксіздігі.

XIIғ. Англияда II Генрих заңына сәйкес бала көтерген кез-келген әйел, ол туралы билік басындағыларға хабарлауға тиіс болды. Ал оны жасамаған жағдайда баланың өлімі анысының өліміне әкеп соқтырыды. Мұнда да отбасы қатынастары шіркеумен реттелді. Тұыскандар арасында некеге жол берілмеді және некесіз бала тууға тыйым салынды. Шіркеу осындай жолмен туылған балаларды заңдастыруға тырысқанымен де барондар тараپынан қолдаутапады. Отбасы қатынастары еректің билігі қағидасына негізделді. Францияның солтүстік бөлігінде мүліктік қатынастар мен балаларға камқоршылық жасау құқығы ереккек берілді. [9].

Германияда отбасы патриархалды сипатқа ие болды, Англияда да солай, бірақ Англияда әйел-дер феодалдың әйеліне қараганда еркінірек болды. Осылайша, әйел бірте-бірте өз бетінше шарт жасау, саудамен айналысу және мүлікке иелену құқығына ие бола бастады. Құніміздегі неке-отбасы қатынастары міне осылай дамыды.

Әдебиеттер

1. Галанза П. Н. Кеченьян С. Ф. История государства и права. Учебник. Под ред. Черниловского З. М. - М: 1999 - 535с.
2. Лунц Л.А. Курс международного частного права. 1-й том. - М.: Юрид. литература, 1973.
3. Ангерс. Э. История Европейского права (Перевод со шведского) 'Ин-т Европы' - М: Наука, 1996-395стр.
4. Звеков В.П. Международное частное право. Курс лекций. - М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА Т М, 1999. - С.145.
5. Антольская М.В. «Семейное право»: Учебник - М: Әділет, 1998.
6. Прокурнова С.С. Семейное право. Москва, 2000 г.
7. Ануфриев Л.П. Международное частное право: В 3-х т. Том 1. Общая часть: Учебник. - М.: Издательство БЕК, 2002. - С. 1-6, С. 57-102.
8. Галенская Л.Н. Международное частное право.-М, 1983.
9. Абдурахман ибн Мухаммад «Авзи Аль Джузирийю». Китаб-уль-фикхи алал мазахиб-иль-арба ати (араб.яз.)(книга о законодательстве по 4-м мазхабам) Бейрут, 1996.

Резюме

**Дүйсебаев М.Т., Тулкиев К.Ж.
РСИУ**

ИСТОРИЯ ВОЗНИКОВЕНИЯ БРАЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ В СТРАНАХ ЗАПАДА

В статье рассматривается история возникновения и развития института брака в Западных странах в средние века. Влияние христианской церковной религии на развитие семейно-брачных отношений между мужчинами и женщинами. Их ценности и значение для дальнейшего развития средневекового европейского общества.

Summary

**Duissebaev M. T., K. J. Tulkiev K.J.
RSIU**

HISTORY OF MARRIAGE IN THE WEST

The article deals with the history of the emergence and development of the institution of marriage in Western countries in the middle ages. The influence of the Christian Church religion on the development of family and marriage relations between men and women. Their values and significance for the further development of medieval European society.

FTAMP: 03.01.06.

Утегенов Б.Д., Еркінбекова А.С.

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

ХХ ФАСЫРДЫҢ 20 – 30 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ИНТЕЛЕГЕНЦИЯСЫНЫҢ АГАРТУ ЖӘНЕ ҰЛТ МУДДЕСІН ҚОРҒАУДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада 1920-1930 жылдары қазақ интелегенциясының агарту саласындағы қызметтері, қазақ зиялыштарының ұлт мәселесін шешу жолындағы курсі жазылған. Тарихи деректердің негізінде қазақ кеңес интеллигенциясының қалыптасуы мен олардың маңызды қызметтері сияқты мәселелер карастырылған. Еліміз егемендік алғалы кеңестік жүйенің әміршіл-әкімшіл саясатының нәтижесінде құғынга ұшыраган қазақ интеллигенциясының тағдыры мен олардың қызметтері жаңаша көзқарас негізінде көрсетілген.

Кілт сөздер: ұлттық интеллигенция, зиялыш қауым, көсемдер, отарлау саясаты, Кеңес өкіметі, ұлт мәселесі, тіл, агарту ісі, әкімшіл-әміршіл жүйе.

ХХ ғасырдың 20-30жылдары күштегін әміршіл-әкімшіл жүйенің әр кезеңінде ұлттық интеллигенция ұлт мұддесін көздеу мақсатында үнемі жаңа әдістерге көшіп отырды. Қашанда ұлттым деп оянган зиялы қауым өкілдері халықтың сауатын ашуға, оку – дарытуға барынша ат салысып, басшылық етті. Дәл осы кезде пісіп жетілген интеллигенция қатары жаңа жағдайға байланысты курс тaktikasyн өзгертип, енді курс арнасы рухани салага ауысуы қажет деп білді. Сол себептен де интеллигенция қосемдері өз өкілдерін мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу және сол арқылы халыққа идеялық ықпал жасау құралдары ретінде оку агарту, мерзімді баспасаөз, ғылыми орталықтар, әр түрлі салалардағы баспа орындарын көнін пайдаланудың ауқымды шараларын ойластырып, оларды белгілі бір дәрежеде жүзеге асырды.

Патшалық Ресейдің отарлау саясатының негізінде қазақ жері бөлшектеніп, рулық жүйесі ыдырап, күш арқылы дінге шоқындыру, тілі, ұлттық әдеттінен арылтуына әкеп соктырды. Орыс тілін білгендерін болыс кою, аралас типтегі мектеп түрлерін ашу, орыс жазуына араластыру әрекеті қолға алынған еді. Патшалық билікті құлатқан кеңес өкіметі де орыстандыру саясатын міз бақпай әрі қарай жалғастырды. Кеңес өкіметі орнаумен бір мезгілде мәдениетті қайта құру шаралары жүзеге асырыла бастады. Елде агарту ісін дамытуға баса назар аударылды. Қазақтың ұлт зияльлары шығармашылық тұрғыда табысты еңбек етіп, мәдени құрылыш барысын жеделдегузе зор үлестерін косты. Қазақ тіліндегі оқулықтар жазылды. Мұндай оқулықтардың авторлары қазақ зияльларының өкілдері - А. Байтұрсынов, Ж. Аймауитов, С. Сейфуллин болды. Алғебрадан қазақ тіліндегі бірінші мектеп оқулығын Қаныш Сәтбаев, географиядан - Әлихан Бекейханов, Қазақстан тарихынан профессор Санжар Асфендияров құрастырды.

Қазақ интелигенциясының өкілдері кеңес билігі тұсында қазақ тілінің сакталып қалуына барынша назар аударды. 1923 жылы С.Қожанов Түркістан ЦК КП бюросының жиналышында баяндама жасап, оның негізінде алғашкы үш жылда ана тілінде және орта, жоғарғы оку орындарында орыс тілі тек ана тілінде оқуға мүмкіндік болмаган жағдайда оқылатындығы туралы қаулының қабылдануына мүмкіндік алды. 1923 жылы жарық қөрген «О просветительской работе среди киргиз – казахов» атты мақаласына өз пікірін білдірген С.Қожанов алдымен халық агарту ісінде ана тілінде бастауыш ұлттық мектептерді қалыптастыру қажет екендігін атап етті [1].

20- 30 жылдары ұлттық – тіл құрылышында қазақ жазбасының реформасы басты орында болды. Билік араб графикасынан латынға ауысады сауатсыздықтың жойылуы, баспа техникасының дамуы мен арзандауы, жазба машиналарының ана тілдерінде және «шығыстың еңбекші халқының Батыспен байланысын» жақсартуға мүмкіндік туғызады деген анықтамалармен түсіндірді. «Алфавиттік революциялар» алғашқыда латын, кейін кириллицаға ауысу ұлттық сананың базалық компоненттерінің трансформациясына алып келді. Кеңестік жүйенің тоталитарлық режиміне халықтың тілі мен дініде басты мәселелердің бірі болып көзге ілінген еді.

Интелигенция арасындағы айтыстың ішінен А.Байтұрсыновтың латын графигіне қарсылығы айқын көрінді. А. Байтұрсынов өз қарсылығын қазақ мәдениеті мен ұлттық рухы тілмен бірге жогалатындығын негізге алғып, араб тілінде игеруге қындық туғызғанына қарамастан, әрі қарай оның дамуына қолдау көрсету қажеттігін алға тартты.

1912 жылы А. Байтұрсынов араб графикасын және қазақ тілінің орфографикасын негізделді (усовершенствовал). 1924 жылы қазақ тілінің дыбысталуын араб тілінің графикасына салу арқылы «байтұрсыновтық орфографика» қалыптасты. Кеңес кезінде ғалым әртүрлі жиналыстар мен кездесу-лерде араб графикасының сакталуы барысында өз ойларын білдіріп, үнемі сол позицияны жақтап жүрді.

Ана тілінің қорғаушысы және реформаторы А. Байтұрсынов өз халқының этонимі туралы мәселеніде қатар көтеріп жүрді. 1925 жылғы Кеңестердің Ү съезінде А. Байтұрсынов тарихи, мәдени негізге сүйеніп қазақ халқына өз дүрыс тарихи есімін қайтару туралы сөз сойлеген еді. Ұған дейін қазақтарды қырғыз атап жүрген болатын. Съездің делегаттары бір ауыздан бұл мәселені мақұлдап, «Қырғыз АКСР-ін» «Қазақ АКСР» деп атауға шешім қабылдады. Кейін ҚазақАКСР ОАК Президиу-мы, яғни 1936 жылы 9 акпанда қазақ еліне нақты есім орнатты: «казаки» орнына «Қазақстан» - «қазактар» [2].

А. Байтұрсыновтың жақтастарының бірі, белгілі ғалым Х. Досмұхамедов өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегінде сингармонизм – түркі сөзінің негізі, оның түрік тілдерін отаршылдықтан құтқаруға мүмкіндік бар деп көрсетеді. Сонымен қатар латын графикасына ауысуга басты қарсыластардың бірі М. Дулатов болды.

Латын графикасына ауысу мәселесі қазақ интелигенциясы арасын екі арнага бөлді. А. Байтұрсынов араб графикасының маңыздылығы мен қажеттілігі туралы өз позициясын «Еңбекші қазақ» газетінде баяндамалар, мақалалар түрінде жазудан талмады. 1927 жылы А. Байтұрсынов «... Қысқасы, жаңарған араб әрпі баспа дүниесі, жазу машинасы, оқыту жұмысы жағынан орыс әрпінен де, басқа Еуропа жүрттарының әрітерінен де анағұрлым артық болмак» [3]. Бұл айтылған сөздерден ХХ ғасырдағы қазақ интелигенциясы үшін елінің ертегі болашағына бей - жай қарамағандығын байқауга болады.

Латын тіліне ауысуга байланысты қоғтеген айтыстардың орын алғанына қарамастан Қазақ АКСР ОАК ІY сессиясы 1928 жылы латын тіліне ауысады заңдастырды. Осы заңға сәйкес қала интелигенциясы, жұмысшылар мен шаруалардан латын тілін жазбада қолдануға белсендейлік таныту-ларында мәселе алға койылды. Партия органының осы мәселеде ұстанған бағытын ЙІ Өлкелік партия конференциясында Голощекин томендеғідей түсіндірді: «Латын әрпін енгізуге көзқараста Өлкелік комитет аса сақ болды.

Біздерден партиялық қаулыны талап етті; біздің бас тартқан себебіміз, бұл іс қазақ комунистерінің, зиялыштарының Қазақстанның қоғамдық күштерінің өздерінің жұмыстары, осы негізде олардың өздері жұмыс жасаулары керек, міне, сонда біз де партиялық шешімді береміз.

Біздің міндептіміз – осыған итермелуе, осыған көмектесу, бірақ бұл жөніндегі мәселе нашар болып түр. Олар өздерінің тартыстарында мәселенің бұл көзқарас артық па немесе қажет пе дегенге келіп тірелмей-тінің түсіне алмайды. Олар, бұл мәселеде 3 процент сауаттылардың 97 процент сауатсыздарды тежеп отыргандарын түсіне алмайды. Осы сауатсыздарды латын әрпімен әлдекайда женіл жазуга үйретуге болады, ал араб жазуын білетін 3 процентке келер болсақ, олар бұқараның мәдени дамуын тежеп отыр. Біздің қазақ комунистерінің міндепті – мұнда неғұрлым табандырак болу және реформа жүргізуге кол жеткізу. Эзір ешбір партиялық қаулы болуга тиіс емес» [4]. Сондай-ақ, 1930 жылдың 6-8 акпан айындағы Халық Ағарту Комиссариаты Коллегиясының жиылдысында алфавит мәсеселесі қаралып, төмендегідей қаулы қабылдады: «окончательно изгнать арабский из всех отраслей государственной, общественной жизни, всем отделам и органам Наркомпроса развить усиленный темп работы, чтобы все стороны учебно – воспитательной, политico – просветительской, научной, библиотечной, издательской и канцелярской работы были переведены на новый алфавит на все 100 % к 10-летию Казахстана». Тарихтың өзі көрсетеп отырганындей, араб жазуы жалпы адамзат тарихын артқа сүйремей, көрсінше қаншама ілім – ғылымды өз соңынан жүргізді. Яғни, жоғарыда Голощекин жолдастың және Халық Ағарту Комиссариаты Коллегиясының жиылдысында қабылданған қаулылар араб тілі немесе графикасы халықтың сауатсыздығын тежейді деген мәселе дұрыс болып шықпайды. Қазіргі таңда араб дүниесі қазактарға тыым салған осы әріппен – ақ дүниежүзілік өркениеттің жетістіктеріне қол жеткізіп отыр.

Қарастырып отырган кезеңде қазақ интеллигенциясы ғылым, білімге баса назар аударып, халықтың сауаттылығын көтеруге тырысып бакты. 1923 жылы алғаш рет «Сана» атты ғылыми комиссияның журналы жарық көреді. Оның жұмысына Қазақстанның белгілі ғалымдары, саяси және қоғам қайраткерлері А.Диваев, О.Жандосов, С.Қожанов, Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, М.Әуезов, М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев және т.б. үлкен қызмет атқарды.

Қазақ зиялыштары өздерінің қызметтерімен қатар үнемі ұлт мәсесесін көтеруден талмады. Солардың бірі А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин бастауыш мектептерде қазақ тілі мен тарихын оқытуды талап етіп, бұл зиялыштар қазақ тілінде жарық көрген кітаптардың авторы болды.

Ұлт мәсесесі қай уақытта болсын күрделі шиеленіскең мәселелердің бірі. Кеңес өкіметі орнағаннан сонда бұл мәселелер әл де болса шешімін таппай келді. Тарихтан белгілі жаңа билік орнасымен әртурлі қаулы қаралар, үндеулердің орын алуы жүріп жатты. Алайда ескіден қалыптасқан жүйе өзгере қоймады. Осы тұста қазақ зиялыштары ұлт мәсесесінде оку ағарту, тіл, сауаттылық мәселелеріне көп қоңіл болді. Республиканың тіпті Одақ қолеміндегі съездер мен конференцияларда осы мәселелер қолемінде пікірлер айттып, айттыстарға түсіп, өздерінің идеясын корғау үшін жан аямай курестерін жүргізді.

С.Қожанов «Оқытушыларды ескеру керек» деген мақаласында бұрын түпкілікті қарастырган мәселелерін қайта қарап, оның ішінде мұғалімдердің қадірін түсінуге шақырды. Ол үшін мұғалімдердің айлық ақысын есіру керектігін, беделін көтеретін шараларды іздеу керектігін айтады.

«Оку жұмыстары жүртшылықтың туы, жүртшылыққа құрал болуга тиіс», «Орнықты шын жүртшылық ағарту арқылы ғана табылады». «Қазақ – қыргызың ұлт мектебін жасауға кірісіндер», «Даярлау бөлімдері керек» деген мақалалары оның ағартушылық көзкарасының әр қырының көрінісін сипаттайтын. Өзі төраға ретінде қол қойған Түркістан орталық атқару комитетінің жарнамасында С.Қожанов былай дейді: «Кейінгі жас еспірімдердің білім алып, көгеруі – жалпы әлеумет борышы. Жалпы енбекшіл әлеумет болып, жастауды тәрбиелеп, ғылыммен азықтандыру жолына жәрдемген кіріссеніздер!... Халық ағарту айның қоздеген мақсаты: ашылған мектептерді қаражат жағынан жәрдем беріп, мұнсыздандыру болады.

Дикандар, жұмыскерлер, оқығандар қосылар! Бәрініз де жергілікті хұқимет адамдарына халық ағарту айныңда қосылыш күш көрсетіп, халық ағарту жолына жәрдем етіп, жергілікті халыққа көсемдік етіңіздер!» деген сөздерінен оның халық ағарту ісінің жанашыры екендігін байқауымызға болады.

Белгілі қазақ интеллигенциясының бірі А.Бірімжановтың есімімен өлкеде құқықтық білім берудің басталуына байланысты. Бұл кезде Қазақстанда маманданған қадрлар тапшы болды. Өлкеде білім беру курстарына дайындық 1923 жылдың наурыз айында басталып кеткен болатын. А.Бірімжановтың басшылығымен және С.Қадырбаев, Г.Бахаева мүшесімен арнайы комиссия құрылды. Комиссияның міндептіне курстың бағдарламасын, тыңдаушылардың саны мен шығын сметасы енді. Әдеттегідей курсты үйімдастырушылар проблемаларға кезікті. Ол алдымен атальыш курсты оқытатын маман қадрлардың және оку қурал мен өткізу орталықтарының жетіспеушілігі еді. Бұған қарамастан сабак 1923 жылы мамыр айында басталып та кетті. Сонымен қатар құқық курстарына тыңдаушыларға бірнеше талаптар қойылды [5]. Солардың бірі, ана тілі мен қатар орыс тілінде өз ойын еркін айттып, қағаз бетіне алатындағы деңгейде болу тәрізді шарттар қойылды.

С.Сейфуллин республиканың ХҚҚ төрагасы қызметін атқарып жүрген қызметінде Қазақстанның білімі мен мәдениетінің дамуына көп еңбек сіңірді. Соның бірі, ағарту ісінің әрі қарай дамуында 1924 жылы 12-18 маусым айларында Орынборда өткен республиканың халық ағарту жұмышшыларының Бірінші съезіне сәйкес қаулы қабылдады. Белгілі ғалым –лингвист А.Байтұрсынов съезде қазақ алфавитінен өзге,

мектепке арналған оқулықтар туралы мәселе көтерсе, О.Жандосов Қазақстанның жоғары оку орындары мен орта деңгейлі білім ошақтарына бұрынғы Алаш қозғалысының қайраткерлерін жұмысқа шакыру туралы ұсыныс таstadtы [6].

Ғылыми ұйымдар, ғылыми – зерттеу жұмыстарына және агарту ісінде КССР Академиялық оргалығы мен қазақ өлкесін зерттейтің тарихи-этнографиялық қоғам үлкен роль атқарды. 1922 жылы 6 желтоқсан айында С.Сейфуллин ХКК төрағасы қызыметіне түрганнан соң «Положение о научных обществах и научно-вспомагательных учреждениях при них» атты күжатқа қол қойды.

Отаршыл коммунистер Сәкен Сейфуллин сияқты шықкан тегі кедей әрі жан-жақты қабілетті ұлттық кадрларды Коммунистік партияның даңғыл жолынан ауытқушылар деп айыптарап республика басшылығынан тайдыруды мақсат тутты. Тіпті Сәкен Сейфуллин Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағалығынан кетсе де бірталай адамдар “сейфуллиншілер” деп құғынға ұшыратылды. Сәкеннің өз басына тән ерекше мінездері немесе оның шығармаларында қателік деп табылған міндер “сейфуллиншілер” жігінің мүшесі дөлінген адамдарға жөн - жосықсыз жапсырыла берді. Мысалы, 1922 жылы Сәкен Сейфуллин жазған Азия-Европа өлеңін негізге алып, “сейфуллиншілер” Азияны Еуропага қарсы қояды, Сәкен Сейфуллиннің Ахмет Байтұрсыновтың 50-жылдық мерейтойына (1923 жылы) ариап жазған мақаласын мензеп “сейфуллиншілер” алашордашылармен ымыраласуға дейін барды деген айыптар тағылды. Нәзір Төрекұлұлы, Габбас Тогжанов, Хамза Жүсіпбеков, Илияс Қабылов, Асқар Лекеров, Жакан Сыздықов, Ф. Жәнібекұлы т.б. қаламгерлер “сейфуллиншілер” жігі туралы дау-дамай өршітті. 1932 жылдың 26-29 ақпанында болып откен КазАПР-тың бірінші съезі қазақ қаламгерлерінің сан немесе сапалық жағынан өсіп-өркендеуіне айтартылғатай әсерін тигізе алмады. Мұстафа Қайыпназаровтың баяндамасында және съездің шешімінде Мәскеуде атылып кеткен Жүсіпбек Аймауытов, қамауда отырган Мұхтар Әуезов пен Қошке Кеменгеров, Смағұл Сәдуақасов пен Әмина Мәметова сынды жазушылар идеологиялық дүшпән ретінде табаланды. БК(б)П Қазақ өлкекомы басшылыарының бірі М.Кахиани съезде сөйлеген сезінде барлық қазақ жазушыларының ішінен жалғыз Сәкен Сейфуллинді таңдал алып, оны саяси тұрғыдан тұқырту әрекетін жасады. Ол Сәкен Сейфуллиннің ең жақсы шығармасы – “Көкшетау” поэмасы ескілікті жырауға арналған, ежелгі қазақ ауылының тұрмысын мактайды, “ескі дәуренге қайта оралындар деп үгіт таратады” деп сөкті. Ф.И.Голощекиннің пікірін қайталап, Қажымұқан балуанның жас ұрпаққа үлгі етілуі автор ойының таяздығын, мұсәпірлігін көрсетеді деп, Сәкен Сейфуллиннің “солшылдық мінезіне қарсы аяусыз қатал курс ашу керек” деп шакырды. Мұндай жөнсіз айыптаулар қаламгерлер катарының өсуіне кедергі болды, коммунистік басшылықтың әдебиетшілерге саяси қысымының қүшейе түскенін көрсетті. Сондай-ақ, Алаш идеологиясының мирасқоры, жас талант С. Сәдуақасов 1925 – 1926 жж. Республиканың «Еңбекші қазақ» атты газетінде редактор, кейіннен Қазақ АКСР-нің оку-агарту комиссары қызыметін атқарып, қазақ өлкесінің халық агартуында өзіндік үлес қосуымен өрекшеленді. Республикадағы ғылыми жұмыстарды жузеге асыруда С.Сейфуллинмен катар қазақ интеллигенциясының өзге де өкілдері ат салысты. [7].

Қазақ кеңестік зиялыштары халық агартуда бар күш-жігерін жұмсағанымен, Қазақстанның сол кездеңі білім беру жүйесі тоталитарлық қоғам жағдайында дамып, әлеуметтік-саяси ықпалдан шыға алмады. Қазақстанның білім беру жүйесінің қалыптасуы “жана адамдарды” тәрбиелейтін маркстік тұжырымдағы мамен байланысты, жаңа социалистік қоғамға қажетті кеңестік қоғамның қалыптасуы жағдайында жүрді.

Әдебиеттер

1. М.Қойгелдиев Ұлттық саяси элита. Қызыметі мен тағдыры (ХVIII – XX – ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: «Жалын баспасы», 2004. – 400 б. бб.
2. Бейсембиеv K. Победа марксистко-ленинской идеологии в Казахстане.– Алматы:Казахстан-1970-384 с.
3. Устинов В.М. Служение народу. – Алма-Ата: «Казахстан» 1984. - 231 с.
4. Брайнин С., Шафиро Ш. К вопросу о роли казахской национальной интеллигенции в 1917 году // Большевик Казахстана. – 1933. - №4(28) – С. 75-77.
5. Устинов В.М. Зампред совнаркома Российской Федерации. – Алма-Ата: Казахстан, 1988. – 152 б.
6. Елеуов Т. Установление и упрочнение Советской власти в Казахстане. – Алматы: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1961. – 528 б. (328)
7. Кенжин А. К исторической оценке деятельности «Алаш-Орды» - «Степная правда». - 1922, 14 ноября (№247).

Резюме

Утегенов Б.Д., Еркінбекова А.С.
ЮКМА, Шымкент

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПРОСВЕЩЕНИИ И ЗАЩИТЕ НАЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕРЕСА В 20-30-Е ГОДЫ XX ВЕКА

В данной научной статье рассматриваются и приводятся некоторые материалы о деятельности казахской интеллигенции в национальном вопросе и о положении просвещения в Казахстане в 20-30-е годы XX века.

Summary

Utegenov B.D., Erkinbekova A.S.
SKMA Shymkent

SOME QUESTIONS ABOUT THE ACTIVITIES OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA IN EDUCATING AND PROTECTING NATIONAL INTEREST IN THE 20-30S OF THE TWENTIETH CENTURY

This scientific article discusses and provides some materials on the activities of the Kazakh intelligentsia in the national question and on the situation of education in Kazakhstan in the 20-30s of the XX century.

FTAMP: 03.01.20.

А.А.Беккулова, Э.Бейсенбекқызы

С.Ерубаев атындағы №24 мектеп-лицея, Шымкент, Қазақстан

ХХ ФАСЫРДЫҢ 70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЖОГАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

ХХ ғ. екінші жартысында республиканың жоғарғы оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсарту бағыттарында көлемді жұмыс жүзеге асырылды. Жанадан оқу ғимараттары, жатақханалар, мәдени-тұрмыстық, медициналық қызмет көрсететін үйлер салынды. Бұлардың барлығы еліміз жоғары мектептерінде дайындалатын мамандар сапасын арттыруға қызымет еткендігін жокқа шыгаруға болмайды.

Ең басты шаралардың бірі ретінде оқытушы-профессорлар мен ғалымдар пәтерін салу қарқыны да төмендеген жоқ. Әрине, Кеңестік жүйеге тән болған құрлыс жұмыстарын жүргізу бары-сындағы жайбасарлық, осыдан келіп шығатын құрлыс аландарының дер кезінде берілмей калуы, яғни пәтер алу кезегінің ұлғайуы жайларының уақыт өте келе токыраушылық сипат алғандығы да жасырын нәрсе емес. Жоғары мектептердің оқу-техникалық жабдықтар мен құралдарға қажеттілігін өтөу ісіне де айтарлықтай мән берілді. Мәселен, 1976 жылы Гурьев педагогикалық институтының, Абай атындағы қазақ педагогикалық институтының, Петропавл педагогикалық институтының оқу корпустары, екі жатақхана, жүзу бассейні пайдалануға берілді. Келесі жылы Өскемен педагогикалық институтының оқу корпусы, Шымкент педагогикалық институтының студенттер асханасы, Орал педагогикалық институты үшін тұрғын үй, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда педагогикалық институттары үшін 1650 орындық жатақхана пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Арқалық және Қостанай педагогикалық инсти-түттарының құрлысындағы құрделі қаржы толықтай игерілді [1]. 1976-80 жылдарыға ғана 16 педагоги-калық институт үшін оқу корпустары мен жатақханалар салынған екен. Ал, 1977 жылы пайдалануға берілген 94 пәтерлі тұрғын үй Орал педагогикалық институтындағы ғылыми-педагогикалық кадрларды тиянақты тұрақтандыруға әсер еткені ақиқат. 1983 жылғы қуаныштық оқынбалардың қатарында 60-пәтерлі тұрғын үйге Абай атындағы КазПИ оқытушыларының жайғасуы бар. [2].

Осы жылдары іргесі жаңадан қаланған Қарағанды мемлекеттік университеттің оқу материалдық базасын жақсартуда біраз табыстарға қол жетті. Мұндағы бірнеше лабораториялармен қатар музей, спорт-денсаулық лагері (Қарқаралы тауарында) санаторий-профилакторий іске қосылды. Университет кешенін салу қолға алынды. Алғашқы ғимаратқа тарих, филология, зан, экономика факультеттері көшіп те келді. [3].

Қол жеткен жақсы шаралардың бірі ретінде бүгінгі мақтанышызыға айналып отырған Әл-Фараби атындағы қазақ мемлекеттік университеттің ерекше кешенінің салына бастағандығын айту-мызға болады. Алматының ең көркем жерінде 20-дан астам оқу ғимараттары, жатақханалар, тамақтану комбинаттары, кинотеатр, тағы басқа үйлер бой көтерді. Қазақ мемлекеттік университеттің бірегей кешенін салу 1971 жылдан басталып, кейінгі жылдары ол қарқынды жүргізілді. Нәтижесінде, егер 1976 жылы университеттегі оқу, лабораториялық, ғылыми-зерттеу және шаруашылықта негізделген барлық ғимараттардың пайдалы алаң көлемі 16 мың 53 шаршы метрді құраса, ал 1980 жылы ол 67 мың 794 шаршы метрге жетті. Дәл осы кездегі студенттік жатақханалардагы пайдалы алаң көлемі 30 мың 660 шаршы метрден 44 мың 340 шаршы метрге көбейді.

Университет ғимаратына жақын жерден университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызыметшілері үшін 400 пәтерлі 6 жайлы тұрғын үйлер берілді. Оқу-материалдық базасының нығайуы жаңадан лабораториялар, есептегіш оргалықтар, кафе-дралар ашуга мүмкіндік тұғызды. Қазақстан жоғарғы орындарының материалдық-техникалық базасындағы өзгерістерді төмендегі кестеден байқауға болады.

Карастырылып отырған жылдары республикалық партия және мемлекеттік органдар жоғары мектептегі хал-ахуалды үнемі назарда ұстап, ондағы жағдайды жақсарту бағытындағы іс-шараларды көрсетіп, қоптеген қаулы-қарапарлар қабылдады. Әрине, пәрмені құшті бұл шешімдердің орындалуы экономикалық жағынан негізделмегендіктен олардың тиімдігі де нашар болып жатты. Мәселен, 1975 жылы республикалық жоғары білім беру министрлігінің оқу базасы 324,8 мың² пайдалы алаң көлемінде болды. Яғни, әр студентке 6,5 м² – тан келді, ал бұл кем дегенде 10 м² болуы туис еді. [4]. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету және асханамен, буфетпен қызмет көрсету де төмен дәрежеде болды. Осылай жайсыз жағдайлардың қалыптасуына себеп еліміздегі оқу орындарының сұранысын өтөу жөніндегі шаралар қабылданып, бесжылдық жоспарлар дайындалып жатқан тұстын өзінде жоғары мектептің талаптары жеткіліксіз есеппен жоспарланды. Атап көрсетсек, 1976-1980 жылдары Республикалық жоғары білім беру, денсаулық сақтау және ауылшаруашылығы Министрліктері

студенттердің жатақханаға деген сұранысын қанағаттандыру үшін 524,7 м² студенттер жатақханасын пайдалануға беруі тиіс болды, бесжылдық қабылданған жоспарда ол 470,7 м² болып бекітілді, ал енді оның орындалуы 353,9 м² болып шыкты. Сондай-ақ, студенттер асханасына 17,9 мың орын жетіспеді, бесжылдық қарналған жоспар бойынша ол 10,1 мың орын болып бекітілді де, ал шындығында пайдалануға берілгені 8,43 мың орын болды. [5]. Міне, өзіміз байқап отырғандай студенттердің тұрган жай - тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі шаралардың үнемі орындалмай қалатын себебі, бұл әуелден халық шаруашылығының бесжылдық жоспарларында қажетті көрсеткішке бәрібір жетпейтіндей болып бекітілп кететін еди. Сондықтан, канша қаулы-қаралар қабылданса да студенттерге болуы тиіс жағдайды жасау мүмкін емес нәрсе болып калды. Мұның барлығы өнідірістік емес сала болғандықтан жоғары оку орындарының бюджеттен бөлінген азын-аулақ қаржымен қанағат тұтуға мәжбур болғандығын, яғни олардың “қалдықтық” принцип негізінде қаржыландырылғандығымен түсіндіріледі.

Әрине, 70-80-ші жылдары межесінде жоғары оку орындарының өмірінде айтартлықтай қуанышты жағдайлар да болып жатты. Көптеген институттар мен Қазақ және Қарағанды мемлекеттік университеттері жаңа оку корпустарына орналасып, студенттер сәулетті жатақханаларға коныстанып жатты. Окусауытыру орталықтары іске қосылып, жаңа асханалар мен буфеттер пайдалануға берілді. Мұның қатарында ҚазМУ кешенінің алғашкы жүйесі, Алматы энергетика институтының, Қарағанды университетінің құрылымы кешендері, Гурьев, Жезқазған, Қоқшетау т.б. педагогикалық институттарының оку корпустары болды. Осының нәтижесінде 80-ші жылдардың ортасына таман әрбір студенттің оку алаңымен қамтамасыз етілуі жоғары білім беру министрлігінде 8 м²-қа, ағарту министрлігінде 5,03 м²-қа тең келді.[6].

Қазақстан жоғары оку орындарындағы материалдық-техникалық жабдықталуды саралай келе олардың оку-лабораториялық аудандармен қамтамасыз етілуіндегі айырмашылықтар мен кемшіліктерді анық байқай аламыз. Әрі бұл жағдай бізге бірнеше ой- түйін жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, тоқырау жылдары дег аталағын кезеңде әлеуметтік-мәдени саланы сарқынды қаржылан-дыру терең тамыр жібергені байқалады. Өйткені, өнер мен медициналық оку орындары материалдық өндіріс салаларымен тікелей байланысты болғандықтан бюджеттен берілген азын-аулақ қаржымен қанағаттандыру мәжбур болды. Ал, политехникалық институттар республиканың бюджет есебінен де, шаруашылық салаларына қатысты министрліктер есебінен де қаражат алу мүмкіндіктеріне ие еди. Қазақстанда екі фана университет болған-дықтан олар айрықша қамқорлықпен басқарылды. Алматыда да, Қарағандыда да университеттер қалашықтары салынып жатты.

Екіншіден, оку-лабораториялық базасының әлсіздігі сапалы маман даярлауға, оқытушы-профессорлардың құрамының пәрменді еңбек стуїне зиянын тигізгені сөзсіз. Осы орайда, көптеген зерттеушілер жаңа техника мен технологияға негізделген оку-лабораториялық жабдықтардың бол-майынша болашақтағы ғылым мен техниканың тұтқасын ұстайтын мамандардың тәрбиеленіп, қалып-таспайтындығын дұрыс атап көрсетеді.

Ушіншіден, “сарқытты” қаржыландырылу арқылы жоғары мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға өзі азгантай көлемде бөлінген күрделі қаржының өзі әрдайым толық игерілмеген күйде қала берді (62-63 % мөлшерінде игерілетін).

Жоғары оку орындарындағы материалдық-техникалық жабдықтаудағы жетіспеушілікті, мұндағы олқылықтардың жағымсыз салдарларын студенттер қауымы да сезіне алды. Олардың көпшілігі өздерінің лабораториялық жағдайда оқып жатқан, әсіресе, оку процесінде дайындал жатқан ғылыми жобаларының шынайы өндіріс жағдайында мұлдем ескіріп қалғандығын өндіріс орындарына бағран кездегі практикалар кезінде аңғарып отырды. Бұл екінішке орай, студенттердің сабакқа ынтасын түсіріп, қызығушылығына кері әсерін тигізді.[7].

Жоғары оку орындарының материалдық базасындағы олқылықтар 1986 жылы болып өткен Қазақстан Компартисының XYI съезінде де қатаң сынға алынды. Бұл қайта құру науқанының қыза бастаған кезінде шакырылған съезд еді. Мұнда ұзақ жылдардан кейін алғаш рет кемшіліктер ашық талқыланды. Мәселен, педагогикалық институттар болашақ мұғалімдерді тозығы жеткен жабдықтарды пайдалану арқылы даярлайтыны, электроника есептегіш машиналардың жетіспейтіндігі бетке басылды. Әрбір студентке оку ауданы 6,5 м² келетіндігі, норма бойынша ол 14,5 м² екендігі айтылды. Бірнеше педагогикалық институттарда сту-денттердің жартысынан көбі жатақханалармен қамтамасыз етілменті. Мындан астам оқытушылар пәтерсіз жүрсө, олардың жартысы студенттік жатақханада тұрып жатты. [8].

Сонымен, қорытып айттар болсақ, Қазақстан жоғары мектебінің материалдық-техникалық базасында жағымды інгерілеудер де шешімін таппаган проблемалар да қатар өмір сүріп, ғылыми-педагогикалық мамандардың кәсіби қызметіне өз таңбасын түсіріп жатты.

Алайда, осындай үздіксіз өсудің астарында жатқан мынадай бір жайларды атап өткіміз келеді. Осы қарастырылып отырған жылдары білім мен ғылымға қажетті құрал-жабдықтар мен құрлыс объектілеріндегі материалдардың да бағасы бір орында тұрган жоқ еди. Яғни, бір жағынан қаржының өсіп отырғандығы куантса, екінші жағынан мұның құнының инфляция дәрежесіне тәуелді болғандығын байқауға болады. Сондықтан бір қарaganда көбейіп жатқан қаржы көлемінің шын мәніндегі қайтарым тиімділігі төмен болып шыкты.

Әдебиеттер

1. Советская интеллигенция. Словарь-справочник. М.1987.77-б.
2. Образование и культура Республики Казахстан. Стат. сб. А.1994.117-б. Мечтова И.И. Социально-экономические проблемы перестройки высшего образования. А., 1990. 196-б.
3. Бурин Т.Г. Қазақстанның ғылыми - педагогикалық интеллигенциясы тарихының проблемалары (1970-1990ж.ж.). Тарих ғыл. канд. дисс.авторефераты. Алматы. 2000
4. Жаманбаев К.Ж. Высшая школа в Казахстане. Алма-Ата,1972
5. Кушербаев К.Е., Ахметов А.К., Абылқасымова А.Е., Рахимбек Х.М., Стратегия развития высшего образования в Республике Казахстан. Алматы: Білім. 1998.232-б.
6. Мечтова И.И. Социально-экономические проблемы перестройки высшего образования. А, Казахстан, 1990.-187с. (182-183)
7. Народное хозяйство Казахстана. 1987. № 12 с.50
8. Решения партии и правительства по хозяйственным вопросам.- М., 1988 т.16., ч.1. с.250

Резюме

А.А.Беккулова, А.Бейсенбеккызы

№24 Школа-лицей имени С.Ерубаева, Шымкент, Казахстан

МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКАЯ БАЗА ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ РЕСПУБЛИКИ 70-Х ГОДОВ XX ВЕКА

В данной статье рассматривается и анализируется материально-техническая база высших учебных заведений в Казахстане в 70-е годы XX века. Изучаются приоритетные направления материально-технической части в образовательном процессе в ВУЗах.

Summary

А.А. Bekkulova, Ә. Beisenbek қузы

№24 School-Lyceum named after S.Erubaev, Shymkent, Kazakhstan

MATERIAL AND TECHNICAL BASE OF THE HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS OF THE REPUBLIC OF THE 70S OF THE XX CENTURY In this article a material and technical base is examined and analysed higher educational establishments in Kazakhstan in 70th of XX of century. Priority directions of material and technical part are studied in an educational process in Institutions of higher learning.

FTAMP: 03.01.06.

О.А. Төребаев, А.А. Баҳтибаев

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

БЕҒАЗЫ-ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТИ КЕЗЕҢІНІЦ ӨНЕРІ МЕН ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Макалада Бегазы-Дәндібай мәдениеті кезеңініц өнері мен идеологиясының ерекшеліктері көрсетілген. Қазақстанның қола дәүірі тайпаларының мәдениетіне қатысты деректерді талдай отырып, атальыш кезең тайпаларының дүниетанымдық аспектілеріне ғылыми тұжырым жасалған. Ғылыми мақалада Қазақстан археологиясына, соның ішінде қола дәүірінің Бегазы-Дәндібай мәдение-тінің тайпаларының дүниетанымының және өнерінің ерекшеліктеріне қыскаша талдау жасалынды. Сонымен қатар, атальыш мәселені зерттеген ғалымдардың ғылыми ой-пікірлері келтірілген.

Кілт сөздер: Дәндібай-Бегазы, Орталық Қазақстан, археологиялық қазба жұмыстар, өнер ескерткіштері, археологиялық мәдениет, дәстүр, молалар, дүниетаным.

Дәндібай-Бегазы заманындағы (біздін заманымыздан бұрынғы X—VIII ғасырлар) тайпалар мәдениетінін дамуы төтелес үш дәүірге-әтпелі, кемелді және соңғы дәүірлерге болінеді. Атасу заманынан Дәндібай-Бегазы заманына дейінгі әтпелі дәүір Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ далада таралған көптеген ескерткіштермен сипатталады. Олардың катарына Ақсу-Аюлы II, Ортау II, Байбала II, Бесоба, Бұғылы III комплекстері жатады. Бұл ескерткіштерге тән сипат — бір жағынан, андроновтық дәстүрлердің сакталуы, екінші жағынан, мәдениеттің жаңа элементтерінің: тұрпаты ерекше бейіттік тамдардың, жатаган, домалак ыдыстардың пайда болуы. Жерлеу ғұрпы да Андронов мәдениетіне тән емес. Әдеттегі бүктетілген қанқалармен қатар аяқтарын созып, шалқасынан жатқызылған қанқалар да кездеседі. Мұндай жерлеу ғұрпы кейінгі, ерте темір дәүірінде Қазақстан территориясында тұрган малшы тайпаларда кенинен тараған. [1]

Соңғы қола дәүірінің әтпелі кезеңін, яғни әуелгі Бегазы дәүірін Ақсу-Аюлы II (Қарағанды қаласының оңтүстігіне таман) жерлеу комплексі бәрінен де горі толық сипаттайды. Бұл комплекс бірінебірі үксас тебешік обалардан құралған, обалардың етегі қабырғасынан қазылып орнатылған ірі гранит тақталармен айнала белдеуленген. Бұлар патриархаттық-семьялық қауымдардың рулық бейіттері емес,

патриархаттық-рулық, когамның негұрлым көрнекті мүшелерінің қабірлері. Мол ішкі құрылыштары бар мұндай бейіттер тұрпатының пайда болуы соңғы андрон дәүірінде (біздің заманымыздан бұрынғы XІІІ— XI ғасырлар) мұлік теңсіздігінің шығуы нәтижесінде Орталық Казақстан тайпаларында бола бастаған өзгерістерді көрсетеді.

Аксу-Аюлы II комплексіндегі ең үлкен обанын биіктігі 2 метр, диаметрі 30 метр. Үйіндінің астынан бір-біріне жалғасқан төрт тас құрылыш-ұш қоршау және үлкен-үлкен төрт тақта тастан жасалған шомбал тас жәшік шықты. Бірінші, сыртқы қоршау, қабыргасынан қазылып орнатылған ірі гранит тақталардан құралышты. Екінші қоршау әдейі іріктелген тік бұрышты тақталардан көлденең қалау техникасы арқылы салынған. Қалау сол кездегі жердің бетінен басталыпты. Дуалдардың төменгі жағы тіп-тік, ал жоғарғы жағы аздал ішке карай иілген. Бұл- соңғы қола дәүіріндегі құрылыш техникасына тән әдіс, мұнда артылта қалау арқылы жалған күмбез жасау шешімінің бастамасы көрінеді. Ушінші кіші қоршау екіншісіне жалғастырылған. Ол тік бұрышты түрде салыныпты, бірақ бұрыштары иілген. Екінші қоршау сияқты, бұл қоршау да эллипсоид бітімдес. Оның батыс және шығыс дуалдарының маңдайшасына қосымша бір-бір үлкен тақта орнатылған. Құрылыш төбесінің негізгі салмағы осы тақталарға түсірілген.

Сонымен, ішкі қоршау бейне бір екі дуалмен және айналма галереямен қоршалған үй сияқты. Бейіт тамның ортасында, аумағы 4 шаршы метрдей, терендігі 1,5 метрдей қазылған шұңқырдан шомбал тас жәшік шықты. Оның үстіне екі үлкен тақта тас жабылыпты. Бір кезде тігінен орнатылған және там төбесінің орталық тірегі болған нақ осындай ірі тақталар жәшіктің қасында да жатыр.

Бұқіл құрылыш алаңын тығыздалып тапталған және калындығы жарты метрдей балшық, күм, киыршиқ түйір тас араласқан қабат басып жатыр. Бұл қабат дуал тіректеріне дейін жеткізіліпті. Мұның өзі дуалдар мен баска тіректердің орнықтылығын қамтамасыз етіп, бұқіл құрылыштың астын нықтаған. Киыршиқ, түйір тас, саз балшық қабірдің астына да құйылған. Өтпелі дәүірдегі біркатор баска бейіттік тамдардың құрылымы да осындай немесе осыған жақын [2].

Соңғы қола дәүірі тайпаларының шаруашылықтағы прогресі және бәрінен бұрын, жайлаулы, кейін көшпелі мал шаруашылығына көшуге байланысты мал санының ұдайы қобеюі жерлеу ғұрпынан да анғарылады, бұл ғұрып бойынша өлікпен қоса ол жейді деп ет салынатын болған. Қабірлерде үй жануарларының сүйектері көп. Құрбанға шалынатын майдар үшін тіпті арнаулы тас жәшіктер қойылатын болған.

Дәндібай-Бегазы мәдениетінің кемелді дәүіріне жататындар-Бегазы, Айбас-Дарасы, Ақкөйтас, Дәндібай, Ортау III, Санғыру I, III зираттары, Ұлытау, Шортанды бұлак, Қарқаралы I—III қоныстары және басқалары. Бұл қорымдар мен қоныстар тұрғын үйлері мен ғұрыптық-табыну үйлерінің архитектуралық-құрылыштық формаларының дәйектілігімен, шар тәрізді керамиканың жана түрлерінің әр алуандығымен сипатталады. Әсіреле, Бегазы тауының сілемдерінде орналасқан Бегазы тақта тас-қоршаулары айта каларлық.

Бегазыдағы ескерткіштер тобында бір тектес алты қоршау бар, көлемі жағынан бұлардың екеуі көзге түседі. Бегазы құры-ыстарының негізі — кіретін дәлізі, айналма галереясы мен тіреуіш тас бағандары бар аралас тұрпатты құрылышарлық ескерткіштердің іргелері 0,8—1,2 метрдей терендіктен жерге көмілген. Бегазы монументтері бір камералы немесе екі камералы құрылыштардан тұрады; бұлар шаршы бітімдес, ал шаршының төрт жағы елемнің төрт жағына қарай бағдарланған. Ишкі шаршышың дуалдары жерге қазылып орнатылған, тігінен қойылған жалпақ гранит тақталармен қапталған немесе қырлы таастардан белдеулей қаланған. Соңғы жағдайда қалау құрамы ете тығыз лаймен бекітілген. Құрылыштың көмілген болілгінің жиегінен жоғары, жер бетінде, биіктігі бір метрдей дуал бар. Ол сыртынан тігінен қатарластырып жерге қазып орнатылған, бір-біріне тығыз қиуластырылған үлкен-үлкен гранит тақталармен қапталыпты [3].

Бегазы ескерткіштерін салу үшін сұр түсті граниттің өте үлкен кесектері іріктеліп алғыныпты. Мұндай гранит құрылыштарға жақын жерден шыққан. Құрылыштың кейір тік бұрышты тақталарының салмағы үш тоннадай. Дуалдар берік, әрі орнықты болуы үшін бұл тақталардың биіктігінің үштен бірі жерге көмілген, соның өзінде олардың жазық жерден биіктігі 2-2,5 метрдей.

Ұзын, жақсырап қырланған, төрт бұрышты тас бағандар тік тіреулер мен қосымша тіреулер етіп орнатылған. Тігінен қойылған қаптама тақталардың түйіскең жерлері, ішкі және сыртқы қоршаулардың бұрыштарының жалғасқан жерлері солармен нығайтылған. Оның үстіне, дуалдармен бірге олар бейіттік құрылыштың ауыр тас төбесін тіреп тұр. Үлкен қоршаулардағы мұндай бағандардың саны 14-ке жетеді. Құрылышы мен орнатылу мақсаты жағынан олар қола дәүіріндегі тұрғын үйлердің ағаш тірек бағандарына ұқсайды. [4]

Бегазы комплексіндегі ең ірі құрылыштардың бірі — шаршы түріндегі тақта тас қоршау, оның сыртқы орамасы 9,6X9,6 м, ішкі орамасы 6X6 м. Қоршаудың ішкі дуалдары қапталып, 0,7 метрдей қазылып орнатылған. Дуалдың жалпы биіктігі 2,1 м, ал жер бетіндегі биіктігі 1,3 м. Екінші, сырттағы дуалдың да биіктігі сондай—1,3 м. Қаптамамен екі арадағы күйіс тастың сыныктарымен толтырылған, лай құйылып, әбден тығыздатылған. Осы екі метрдей дуалдың муқият тегістелген үстіңгі беті қыш ыдыстарды және басқа заттарды қоятын сөре болған. Сыныктардың тым көнтігіне қарағанда, сөреде ондаған жұқа керамикалық ыдыс тұрса керек. Құрылыштың сыртқы дуалдарын қаптаған абаражадай гранит тақталар сөрені жауып тұрған. Солардың және ішкі қоршаудың төбесі есебінен үйдің бұқіл айналасы бойынша

айналма галерея жасалған. Құрылыштың барлық дуалдарын бітімі төрт қырлы қатар-қатар тірек бағандар үстап тұр. Ишкі үйдің төбесі бірнеше қатар тақта таастардан құралған. Төбені жабу үшін қолданылған тақта таастар мөлшері жағынан ішкі үйдің тіректерінің аралығына сай келеді, ал ішкі үй тас бағандар арқылы үш метрлік екі бөлікке бөлініпті. Ишкі үйдің ұзындығын екіге болу алты метрлік ұзындықты қысқарту, оны үш метрлік тақта таспен жабуга болатын ету қажеттігіне байланысты. Мұндай төбенің бір шеті мықты дуалға, екінші шеті құрылыштың ұзына бойына қатар-қатар орнатылған ішкі бағандарға тіреледі. Мавзолейдің шығыс жағындағы кіреберіс ірі, биік, «кошқар» тақта таастармен қапталған, бұл — мәжусилік бейіт тамның маңыздылығын билдіретін болған. Кіре берісте ұзындығы 9 м, көлденені 4 м дөліз салыныпты. Ол белдеулей қалау әдісі бойынша қырлы тастан қаланған. Табыттан алыстаған сайын дәліз дуалының қалындығы мен биіктігі кемі береді.

Бегазыдагы бай «мавзолейлердің» көnl қоярлық ерекшеліктерінің бірі-діни-ғұрыптық заттар-ды кою үшін және құрбан шалу үшін арнайы істелген алтарлық орын. Бірінші қоршауда бұл — құрылыштың, астына ор қазғанда қалдырылған жер стол немесе сөре. Ишкі үйдің батыс қабыргасына жалғастырылған керте столдың үстіне үш тас баған орнатылған. Олардың айналасындағы стол бетіне май мен органикалық қалдықтар сінген. Мұнда толып жатқан кой сүйектері түрінде құрбан шалудың және ас берудің іздері сакталыпты. Құрбан шалу столына көптеген қыш ыдыстар койылатын болған. Әр түрлі керек-жараптар да, сөндік заттар мен қару-жарақ та осында тұрған.

Қола дәүірінде Қазақстан аумағы Андронов мәдени-тариҳи қауымдастығына кірген болатын. Осы Андронов қауымдастығы қалдырылған мәдениет көне дәүір мұрасын зерттеушілерінің назарын аударды. [5]

XIX ғасырдың II жартысында Оңтүстік Сібірден Оралға дейінгі үлкен аймақтың қола дәүірі ескерткіштерін А.Н. Зырянов, Р.Г. Игнатьев, және бұлардан кейінірек Ф.Д. Нефедов, А. Гейкель, Н.Г. Минко, В.Я. Толмачев, С.А. Теплоухов, А. Тугаринов және М.П. Грязновтар зерттеді.

1923 жылы С.А. Теплоухов “Андронов мәдениеті” деген терминді енгізгеннен кейін ғана ғалымдар Қазақстан жерінде зерттеле бастаған қола дәүірі ескерткіштерін осы мәдениетке тәле баставы. Алғашында С.А. Теплоухов Андрон мәдениетін хронологиялық уақыты жағынан неолиттік Афанасьев және Қарасұқ мәдениеттері ортасындағы мәдениет деп оның уақытын б.з.д. II мыңжылдықтың бірінші жартысы мен I мыңжылдықтың бас деп мәрзімдеді.

Қазақстанда қола дәүірінің, яғни андронов мәдениетінің зерттелуі 1926-1928 жылдары Батыс Қазақстандағы М.П. Грязнов пен Оңтүстік Оралдағы Б.Н. Грakov ізденістерінен бастава алады. 1930 жылы жарыққа шыққан мақаласында М.П. Грязнов қола бұйымдар мәдениетінің хронологиясының Минусин казаншұңқырымен салыстыра отырып жіктеш шықты. Ғалымның ойынша, ерте қола дәүірінде Минусин далалары Андронов мәдениетінің қыыр солтустігі болды, атамыш мәдениетке Қазақстанның барлық далалы аймақтары, Сібірдің батысы мен шығысы кірді. Ол қола дәүірі мәдениетін ерте, орта және кейінгі деп үш сатылы кезеңдеме ісінің негізін қалады.

1933 жылы М.П. Грязнов Орталық Қазақстан жерінде Караганды қаласынан 60 шакырым батыска қарай Шерубай-Нұра өзенінің оң жағасында Дәндібай қорымын ашып зерттеген болатын. Бұл зерттеу нәтижесінде де Орталық Қазақстан жерінде Қарасұқ мәдениетінің үлгілері кездеседі деді және сол пікірді үстанушы ғалымдар тобының болжамдарына тұрткі болды. Оның ойынша, Дәндібай секілді ескерткіштер қарасұқ мәдениетінің жергілікті нұсқалары; орталыққазақстандық қарасұқ уақытында өмір сүрген тайпалар мәдениеті алдыңғы андронов мәдениетінің негізінде, көршілес тайпа топтарымен тығыз мәдени қатынастар жасаудың әсерінен қалыптастан деді.

Жаңа қазба мәліметтері толық жинақталмай, жиырма жылға жуық уақыт Андрон мен Қарасұқ мәдениеттері бір мәдениет деп деп қарастырылып келді.

Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі жылдары Қазақстан Ғылым Академиясы Орталық Қазақстан Археологиялық экспедициясының зерттеулері басталуымен бірге Орталық Қазақстан аумағында өзіндік тың мәдениеттері бар жаңа мәліметтер ашылды. 1947 жылы Қызыларай таулы алқаптарында Бегазы қорымы қазбалары басталды. Бегазы қорымынан нағыз жаңа қоралықтарды мавзолейлер, яғни, кесенелер деген атаялған тас мазарлардың қазбалары берді [6].

Бегазы қорымы Караганды облысы Қоңырат ауданы жерінде алғаш ашылып қазылғаны және көпшілік зерттеушілер ол жөнінде таныс емес екендігі жөнінде Э.Х. Марғұлан мен Л.Р. Кызласовтар өздерінің 1950 жылы жарық көрген “Бегазы қорымының тақта тасты қоршаулары” атты мақаласында баяндады. Онда Бегазы қорымы ескерткіштері ерекше құрылыштар екенін айта отырып бұл Орталық Қазақстан жеріндегі кездесетін жалғыз ескерткіштер емес еді. Ол 1932 жылғы М.П. Грязнов қазбалары бойынша ашылған Шерубай-Нұра өзені бойындағы Дәндібай ескерткіші мен Нұра өзені бойындағы Алеп-ауыл ескерткіштеріне ұқсас екенін және одан табылған қыш бұйымдарды Қарасұқ мәдениетінің ыдыстарынан бастава алады деген тұжырымдар ұзақ уақыт ойланырып келгендейтін жазады. Сондай-ақ Бегазы қорымының тақта тасты қоршаулары Монголия мен Байкалдың ерте скиф кезеңінің жалпақ тасты қорғандарына ұқсайтынын және алдағы зерттеулерде бұл болжамдар көне дәүірлердің этникалық байланыстарын айқындауға мүмкіндік туғыздады деді. [7]

Қазақстан жеріндегі қола дәүірі ескерткіштері өзіне дейінгі тұрғылықты тайпалардың заңды жалғасы бола отырып, кейінгі дәүірлерде де үрпак жалғасындағы үрдістер үзілмейтіндігімен бірге, Қарасұқ мәдениетінің ешқандай негізі жоқ екендігін айтты.

Әдебиеттер

1. Нифонтова Л.К. Андроновское погребение в Абаевском районе Семипалатинской области // Известия АН КазССР. Серия археол. 1949. Вып.2 2. Маргулан А. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. – А., 1978.- 88-92с.
2. Ткачев А., Лосенко Ю. Домостроительство андроновских племен Верхнего Прииртышья// Исторические чтения памяти М.Грязнова. – Омск, 1997.- 231-236с.
3. Тугаринов А.Я. Андроновские могилы. //Сибирская живая старина 1926. №1. С. 153-158
4. Маргулан А.Х., Кызласов Л.Р. Плиточные ограды могильника Бегазы. КСИИМК. АН СССР. 1950. Вып. XXXII. С. 126-136
5. Бейсенов А.З. Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өнірінің өткені мен бүгіні. – Алматы: 2004. – 186 б.
6. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Т. 3,4. – Алматы: Дайк-пресс, 2003.-132б.

Резюме

О.А. Торебаев, А.А. Бахтибаев
ІОКМА, Шымкент

ОСОБЕННОСТИ ИСКУССТВА И ИДЕОЛОГИИ ПЕРИОДА БЕГАЗЫ-ДАНДЫБАЕВСКОЙ КУЛЬТУРЫ.

В данной статье рассматриваются и анализируются особенности искусства и идеологии племен, проживавших в период Бегазы-Дандыбаевской культуры на территории Казахстана.

Summary

O.A. Torebaev, A.A. Bakhtibayev
SKMA Shymkent

FEATURES OF ART AND IDEOLOGY OF THE BEGAZY-DANDYBAEV CULTURE PERIOD

This article discusses and analyzes the features of art and ideology of the tribes living in the Begazy-Dandybaev culture in Kazakhstan.

FTAMP: 03.01.11

Абдраманова Ш.Р., Нигматтуллина Ш.Ш.
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

**СЫР БОЙЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛЕУІ
ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

Мақалада Сыр бойындағы ортағасырлық қалалардың археологиялық зерттеулері туралы салыстырмалы әдіс бойынша мәліметтер мен деректер көрсетілген. Атап айтқанда, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан қалалардың саяси картасы арқылы геосаяси және геоэкономикалық маңыздылықтарына өзіндік көзқарас таныту, отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірлері мен көзқарас желілеріне талдау жасай отырып, ортақ қорытындыға қол жеткізілген.

Кілт сөздер: Ұлы Жібек жолы, керуен жолдары, археологиялық зерттеулер, ортағасырлық қалалар, Сыр бойы, зерделеу жұмыстары.

Казір Жібек жолының тарихын зерттеу, оны жаңғыруту, осы жол бойындағы елдердің саяси, экономикалық, мәдени байланыстарын ұлғайту қайта колға алынып отыр. 1987 жылы ЮНЕСКО-ның бас конференциясының XXIV сессиясы «Ұлы Жібек жолын зерттеудің халықаралық жобасы» қабылдады. Оған Грекия, Португалия, Египет, Италия, Қытай, Индонезия, Монголия, Оман, ШриЛанка, бүрінғы Көнестер Одагы катысты. «Адамды қоршаған орта, жер мен теңіз қорлары», «Мәдениет және болашак» атты бағдарламалар бекітілді. Осы бағдарламаларды іске асыруға катысты. 1991 жылы Қазақстанда «Жібек жолы» атты Ұлттық комитет құрылды. Ұлы Жібек жолы көне дәуірде де, казір де Еуразия халқы үшін мәдени байланыс, саяси рухани мәселелерді шешуде маңызы үлкен. [1]

Ұлы Жібек жолының солтүстік немесе Шаш-Түрік (бұдан былай Түрік жолы) жолының негізгі бағыттары мен олардан шығатын тармақтары бірқатар қазақстандық зерттеушілердің енбектерінде қарастырылған. Түрік жолының Қазақстан арқылы өткен болігі мен Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық керуен жолдары Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевичтің мақаласында К.М.Байпаков пен А.Нұржановтың енбекінде, Ә.Х.Марғұланның мақаласында Сырдарияның орта ағысындағы қалалардан шығып Қаратай арқылы Орталық Қазақстанға өткен Қарқаралы, Уванас, Жетікоңыр жолдарының бағыттары берілген ал,

Қаратау мен Шу-Талас өңірлерінің керуен жолдары М.Елеуовтің еңбегінде көрсетілген. Л.Б.Ерзаковичтің мақаласында Оңтүстік Қазақстанның ХІІІ-ХҮІІІ ғғ. кезіндегі керуен жолдары қарастырылған [2] .

Сол жағалық Сырдария жолы. Тараз, Испиджаб, Бинкент (Шаш), Шанашкент арқылы өткен Нұджикатқа келгенде Сырдарияның сол жағасына өткен Ұлы Жібек жолынан болініп шығып, Сырдарияның сол жағасынан жағалап жүрген сол жағалық Сырдария керуен жолы ортағасырылық Үтіртөбе, Асықата, Ақтөбе, Шардара, Қөксүтөбе, Сейіттөбе, Ақтөбе (ұзыннатастық), Сұткент, Байырқұм қалалары мен елді мекендері арқылы өтіп Оқсыз қаласына жеткен. Осы қалада оны Отырардан шығып өткелден (Оқсыздың жанындағы) Сырдарияның сол жағасына өтіп Жызаққа онан әрі Самарқандың қарай жүрген керуен жолы кесіп өткен. Бұл жол жергілікті халықка «Боран жолы» деген атпен белгілі. Оқсыздан солтүстік-батысқа қарай жүрген сол жағалық керуен жолы ортағасырылық Артықата, Бұзық, Қоқтөбе, Қандыөз қалалары мен елді мекендерінен өтіп ортағасырылық Раздыата қаласына жеткенде оны Түркістан, Саураннан шығып Үшқайық өткелі арқылы Сырдарияның сол жағасына өтіп Жызаққа қарай жүрген керуен жолы кесіп өткен. Сырдариядан қайықпен отетін Үшқайық өткелі ежелгі заманнан бастап осы қундерге дейін жұмыс істеп келе жатқан өткел. Раждыатадан шыққан сол жағалық жол ортағасырылық Каратебе, Абызтөбе, Келінтөбе, Мейрамтөбе арқылы жүрген. Мейрамтобеде керуен жолы екіге болінген: батысқа бұрылған жол ортағасырылық Құмиян қаласы арқылы Жызаққа бет алған, ал солтүстік-батысқа қарай жүрген негізгі жол ортағасырылық Ақкорған, Өзкент арқылы Балапантөбеге жеткенде негізігі сол жағалық жол батысқа, солтүстік – батысқа бұрылған, ал, шығысқа, солтүстікке, солтүстік-батысқа қарай жүрген жолдар Байкенже өткелінде Сырдарияның оң жағасына өткен. Шығысқа қарай жүрген жол ортағасырылық Ордакент қаласынан өтіп, Раң асусы арқылы Қаратаудан асқан. Солтүстікке жүрген жол Жайылма шатқалы арқылы Ақсұмбеге, ал солтүстік-батысқа қарай жүрген жол Көккесене кесенесіне жеткенде оң жағалық Сырдария керуен жолына косылған. [3]

Ортағасырылық Балапантөбеден батыс бағыттында жүрген жол Сырдарияның сол жағасымен, Қызылқұмды жиектеп барып ортағасырылық Асанас қаласына шыққан. Асанас қаласынан жол үшке болінген. Солтүстік-шығысқа қарай жүрген Сарысу жолы Жетікөл, Қайырсаут шатқалдары арқылы жүріп Сырдарияның оң жағасына өткен, онан әрі ортағасырылық Ԑзлутебе елді мекеніне жеткенде оң жағалық Сырдария жолын, ал Қөпрабат елді мекеніне жеткенде Ұлы жолды кесіп өтіп, Дариялы тақырдың шығыс жағымен өткен жол Телікөлге барғанда Сарысу өзеніне шыққан. [4]

Асанастан солтүстік – батысқа қарай жүгрен сол жағалық керуен жолы Қуандарияны жағалап отырып Қышқылаға, онан Құлкеасарға, Қосасарға, Кішіасарға өткен. Кішіасардан оңтүстік – батысқа қарай жүрген жол ортағасырылық Жент қаласына өткен, ал солтүстік – батысқа қарай жүрген сол жағалық керуен жол Сырлыасар, Қараасар, Құмасарға жеткенде батысқа бұрылып ортағасырылық Қараасар, Үңгірліасар арқылы өткен. Онан әрі Моншақтыасар, Аққала, Шахасар қалалары мен елді мекендері арқылы жүріп Сортөбе қаласына жеткен. Сортөбе қаласынан солтүстік – шығысқа қарай жүрген бір жол қазіргі Жосалы ауылының жанындағы өткелде Сырдарияның оң жағасына өтіп, Бетпақдала арқылы Қарсакбай бағытында жүрген, ал, Сортобеден солтүстік - батысқа жүрген сол жағалық керуен жолы Сортобе төрткүлі арқылы өтіп ортағасырылық Жанкент қаласына шыққан. Жанкенттен шыққан жол ортағасырылық Кіші Күйік қала арқылы жүріп Үлкен және Кіші Аралдарды бөліп жатқан Берг бұғазына шыққан. Бұғаздан өткен жол Әуіт тауының оңтүстік жағымен жүріп Қаратұп жарты аралы арқылы Арал теңізінде оңтүстік – батыс жағасына шыққан. Онан әрі Тұшыбас түбөгінде қамтыған. [5]

Тек тәуелсіздігіміздің арқасында байырығы тарихымызды терен тануға данғыл жол ашылды. Тәуелсіздік алғалы бері қолға альянған және «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстардың негізінде ғылыми айналымға жаңа тарихи және археологиялық деректер косылды. Осы бағдарламалардың арқасында Ұлы Жібек Жолы бойындағы қалаларды зерттету мен зерделеу жұмыстары жандана түсті.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында казак жерінде қалыптасқан өркениеттің күесі болған тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеуге мемлекет тарапынан жүздеген миллион теңге болініп, атадан қалған мұраны зерттеудің жаңа кезеңі қалыптасты. Осы бағдарламаның аясында «Археология, тарихи-мәдени ескерткіштер» секциясы бойынша 35 тарихи-мәдени ескерткіштер қайта жаңғыртылып, жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары іске асрылды.

Соңғы зерттеулерде ортағасырылық қалаларының өмірі, табиги-географиялық, саяси-эскери, мәдени, ішкі және халықаралық жағдайлар түргысынан сарапталып, дамуының басты тарихи кезеңдері зерделеніп, оларға деген жаңа тарихи көзқарас қалыптасты. Қазақстан мен Орта Азиядагы ірілі-ұсакты қөптеген тарихи оқиғалар, алмасқан саяси билеушілікке, мемлекеттік құрылымдармен әлеуметтік құштердің ықпалына, еңбек болінісі, сауда, қоғамдық-саяси және мәдени араласуы арқасында, экономикалық қатынастарға ыңғайлану жағдайында өмір сүрді. Оған елдің тарихи-географиялық жағдайының қолайлығы, сүй мол жайылымдарында мал шаруашылығы жақсы өркендеп, қалыптасқан су жүйелері, отырышы жер шаруашылығы және т.б. кешенді қәсіптер мен дәстүрлі үрдістері ықпал жасады.

Сырдария өзенінің орта ағысындағы қалалар мен елдімекендердің зерттелу тарихын, үш кезеңге бөліп қарастырылды. Сырдария өзенінің орта ағысының (Жанақорған және Шиелі аудандары бойынша) қалаларының зерттелуі ортағасырылық Сығанак қаласымен байланысты. Ұлы Жібек Жолы бойындағы қалаларды оның ішінде Сырдария өзені бойындағы қалаларды зерттеу 1867 жылы П.И. Лерхтың

экспедициясынан басталады. Түркістан үйірмелерінің хаттамасындағы зерттеуші галымдардың мәліметтері қамтылды. Сонынмен қатар, Оңгустік Қазақстан археологиялық экспедициясы, Хорезм экспедициясы, Отырар археологиялық экспедициясы, ҚазМУ-дің археологиялық экспедициясының археологиялық тобы, Ясауи атындағы ХҚТУ-дің Тұран археологиялық экспедицияларының зерттеу жүргізген еңбектерінің материалдары пайдаланылды. Ортағасырылғы қалаларға байланысты жазба деректер мен аңыздар жинақталып, зерделеніп жазылды. [6]

Ортағасырылғы қалалар мен елдімекендердің Сырдарияның сол және оң жағалауындағы деп бөліп көрсетілді, олардың тарихи-топографиялық құрылымы, географиялық координаттары және орналасқан жерлері анықталды. Және өңірдегі ортағасырылғы сәулет ескерткіштерінің сипаттамалына тоқталып, оларға қатысты аңыз-деректер камтылды.

Ортағасырылғы керуен жолдары туралы мәліметтер Ә.Х. Марғұлан, В.А. Каллаур, И.И. Агеева мен Г.И. Пацевич, Л.Б. Ерзаевич, К.М. Байпаков, М. Елеуовтердің еңбектерінде керуен жолдарының бағыттары, олардың тармақтары туралы мәліметтер егжей-тегжейлі қарастырылған. Зерттеу жұмысы аталған авторлардың мәліметтері негізінде жазылды. Сырдария өзенінің бойындағы ортағасырылғы керуен жолдарының бағыттары мен тармақтар нақты көрсетілді.

Бірақ, зерттеу барысында, Сырдария өзенінің орта ағысының ортағасырылғы бірнеше ескерткіштердің бұзылып жатқаны анықталды. Ол туралы М. Елеуовтің еңбектерінде нақты көрсетілген. [7].

Сондықтан «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жүргізілген археологиялық зерттеулер ең алдымен еліміздегі тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін есепке алу, олардың облыстық жинақтарын, археологиялық картасын жасауға, қорғауға бағытталса, ал қазба жұмыстарын бірінші кезекте бұзылып жатқан не бұзылу қаупі төніп тұрған ескерткіштерде жүргізген дұрыс болар еди. Себебі, Сырдарияның орта ағысындағы ортағасырылғы Розды ата елдімекені үлкен-кіші өзендер шайып, бұзылып жатыр. Шиелі аудандарындағы Теликөл каналын қазу кезінде ортағасырылғы Бестамның сыртқы қамалы, оның сыртындағы құрылыстар толық бұзылған, қаланың цитаделі 35 жылдан бері ыза суы тұр. Ортағасырылғы Күйеутам елдімекені егістік алқабының астында қалып, толық бұзылып кеткен.

Әдебиеттер

1. Диваев Ә. Қеккесене атауының маңызы туралы (тарихи-археологиялық жазба) // Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208-211 бб.
2. Караффа Корбут Узгентская легенда // ПТКЛА, 1897. С. 3-4
3. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. – Алматы: Аруна, 2007. – 376 с.
4. Фазаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман наме - ии Бухара (Записки бухарского гостя). – М.: Наука, 1976. – 195 с.
5. Қинаятұлы З. Сығанақ алғашқы казақ мемлекеті – Ақ Орданың астанасы // Отан тарихы. – №3. – 2008. – 90 - 95 бб.
6. Махмұт Қашқарі. Түрік сөздігі. Үш томдық. – Алматы: Хант баспасы, 1997. – Т.1. – 600 б.
7. Елеуов М. Жаңақорған және Шиелі аудандарының археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихы. //Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (ҚазҰУ) хабаршысы. Тарих сериясы. – 2005. – №3. – 93-97б.

Резюме

Абдраманова Ш.Р., Нигматуллина Ш.Ш.

ІОКМА, Шымкент

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ОБ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ СРЕДНЕВЕКОВЫХ ГОРОДОВ ДОЛИНЫ СЫРДАРЫ

В данной статье рассматриваются и анализируются археологические исследования средневековых городов долины реки Сырдарии. Их государственное и общественно-духовное значение для всего средназиатского и мусульманского общества в контексте археологических исследований.

Summary

Abdramanova Sh.R., Nigmatullina Sh.Sh.

SKMA Shymkent

SOME QUESTIONS ABOUT ARCHAEOLOGICAL RESEARCH OF THE MEDIEVAL CITIES OF THE SYR DARYA VALLEY

This article discusses and analyzes archaeological research of the medieval cities of the Syr-darya River valley. Their state and socio-spiritual significance for the entire Central Asian and Muslim society in the context of archaeological research.

ФТАМР: 03.01.07

Дарашова З.Б., Абдурахманов Н.А.

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

МЕКТЕПТЕГІ ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЛАРЫНЫң ТӘРБИЕЛІК БАҒЫТТАРЫ

Мақалада мектептегі өлкетану мұражайларының тәрбиелік бағыттары жайлы жазылған. Қазақстандағы өлкетану музей ісінің қалыптасу және даму тарихы қазіргі заман талабына сай тарихи сабактастықпен шынайылық тұрғысынан жан-жақты талданып, көрсетілген. Қазақстан жерінде өлкетану музейлердің пайда болуының алғышарттары мен қалыптасу барысы, музейлердің дамуына үлес қосқан жекелеген тұлғалардың рөлі мен ғылыми мекемелер қызметі жан-жақты зерттеліп жазылған.

Кілт сөздер: Өлкетану мұражайы, мұғалім, ескерткіштер, жихангез саяхатшылар, ғылыми қор, экспозиция, көрме.

Өлкетану мұражайы дегеніміз-жинактары накты әкімшілік –аумактық аймақтың тарихы мен табигатын құжаттайтын кешендік бейімдегі музейлер. Тарихи өлкетану ғылыминың мақсаты –белгілі бір ауданды, аймақты, елді мекенді зерттеу объектісі ретінде сол елді мекеннің тарихының әлеуметтік –экологиялық, саяси, мәдени дамуын табигатын алуға болады.

Республикамызда өлкетану жұмысының бірден-бір орталығы - мектеп. Сондықтан тарихи өлкетану жұмысының басты міндеті оку мен тәрбиені өмірмен байланыстыру. Ең алдымен өлкетану жұмысы оқушыларға отан сүйгіштік, адамгершілік, эстетикалық, ұлтжандылық тәрбие беру құралы.

Тарихи өлкетану пәні арқылы үлкен қоғамдық міндеттерді шешуге болады. Жергілікті тарихи мәдени ескерткіштерді, ата-баба мұраларын салт-дастүрлерін оқып үрентген баланың бойында ұлтжандылық сезім қалыптасып, ұлттық сана жандана түседі. Тарихи өлкетану жұмысы үйімдастыру формасы жағынан–мемлекеттік, қоғамдық, мектептік болып бөлінеді. Мектептегі өлкетану географиялық, тарихи, әдеби, экономикалық т.б. деп саналады. Тарихи-өлкетану-мектептегі жұмыстың бір саласы бола келе, археологиялық, этнографиялық, архитектуралық, өлкетану т.б. ғылыми салалары-мен тығыз байланыста бола алады. [1]

Мектептегі өлкетануда негізігі жұмысты мұғалім атқарады. Мұғалім оқу жоспарына сәйкес, тәрбие жұмысының мақсатына қарай зерттеу объектісімен өлкетанудың негізігі әдістерін белгілеп, оған басшылық етеді. Мектептегі тарихи-өлкетану жұмыстары оқу барысында және оқудан тыс кезде жүргізіледі. Мазмұнымен формасына қарай бұл екі жұмыс түрінің ерекшеліктерімен катар ұқсастықтарыда бар.

Оқу барысында барлық оқушылар өлкетанушылық жұмысына тартылатын болса, өз еркімен келетін оқушылар көбейе түседі. Әр түрлі әдістерді пайдалану арқылы оқушыларды қызықтара білу керек. Сабактан тыс кезде үйріме, кештер экспурсия, экспедиция, туристік саяхат сияқты өлкетанушылық жұмысты үйімдастырудың әр түрлі формалары көнтеп қолданады.

Жергілікті жердің тарихына байланысты материалдарды көптеп жинау, зерттеу арқылы ел экономикасының жалпы тарихи даму заңдылықтарын мысалмен, жергілікті жердің даму ерекшелікте-рімен байланыстыра түсіндіру мүмкіншілігі туады. [2]

Тарихи өлкетану оқытудың мақсат: жас өлкетанушыларға зерттеу жұмысының әдістерін үрету, өлкетанушылық жұмыстарын жүргізуге баулу.

Тарихи өлкетанудың дерек көздерінің үш тобы бар: заттық, жазбаша және ауza. Тарихи өлкетану жұмысының ізденістік, зерттеулік сипаты болуы міндетті. Мектептегі тарихи-өлкетану жұмысына кіріспес бұрын мұғалым нені білу керек:

1. Нені іздейміз, яғни тарихи мәдени (архитектуралық, археологиялық, этнографиялық, аузыз әдебиет, кол өнер т.б.) ескерткіштер дегеніміз не? Деген сұраққа толық жауап беру керек.

2. Қалай іздейміз? Тарихи мәдени ескерткіштерді зерттеудің жолдары, әдістері кандай? Қалай табу керек? Неізгі белгілері кандай?

3. Археологиялық, этнографиялық материалдан басқа көптеген өнер туындылары, қол өнер бүйімдары кездесуі мүмкін. Оларды да терең талдай білу қажет. Оқушылар мұғалімің басшылығымен бұл ескерткіштерді тауып, толық сипаттама беріп, мәдениет тарихының қай саласынан орын алатының анық білу қажет.

4. Тарихи –мәдени ескерткіштерді қалай сипаттау керек? Тарихи ескерткіштер тозады, ескіреді, осын экспедиция мамандары келгенге дейін жан-жақты түсіндіре білетін болуы керек. [3]

Қазақстан аумағында сан алуан ескерткіштер бар. Олар мәдени құндылықтар. Ескерткіштер қазақ халқының құнды мұрасымен асыл қазынасы.

Мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтап қалу әр адамның қасиетті борышы. Сонымен катар ескерткіштер жастардың бойындағы ұлт жандылық сезімді, біздің өткеніміз бен болашағымызды танып білуге тәрбиелейді, қазіргі және болашақ ұрпактардың алдындағы жауапкершілікті арттыра түседі.

Отабыс тәрбиеінен басталатын Отанын, елін, жерін сүйу, ардактау арқылы т.б. қасиеттер әр бір жеткіншекпен азаматта өз жерінің, ауылының аудан облысының тарихын оның табигатын байлық ресурстары мен шарушалық ерекшеліктерін, географиясын, жануарлар әлемін жетік білуден бастау алатын

сөзсіз. Осы түргыда шарушылық пен ғылымға айтарлықтай үлес қосатын өлкетану жұмысының маңызы айрықша [4].

Өлкетану ісі мемлекеттік шаруашылықты жоспарлы түрде игеруіне бағыт бағдар бола алады. Мысалы: әрбір өлкенің жергілікті шикізат көздері, сүмен қанымдау қайнарларының жай күйі мен жол тораптары және азық-түлік ресурстары қатарлы ерекшеліктерін жан-жақты зертте алмайынша жаңа өнер кәсіптін тиімді істеп кетуі мүмкін емес. Қандай да болмасын кез-келген кәсіп орын, ферма, шаруашылық ұжымдары (бұрынғы колхоз, совхоз) алқаптарды және оның топырақ қыртыстары мен климат ерекшеліктерін, су жылу ресурстарын орман, тогайын атап айтқанда флорасын, фаунасын, географиясын табиғат ресурстарын зертте алмай іске кіріспейтіні белгілі.

Осындай мысалдардан –ақ қолданбалы ғылымның дамуы белгілі дәрежеде жогарыда аталған зерттеулерде тығыз байланысты болып келеді. Сондықтанда өлкетану ісі мамандар мен ғалымдардың ісі ғана емес. Бұқара қалықта айналыса алатын жан-жақты білім саласы болып табылады.

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясат қазақтарды қаншама сауатсыз, қараңғы ретінде танытсада III. Уәлиханов, Абай Құнанбаева, Ыбырай Алтынсарин, Мәшхур-Жүсіп Көкеев сынды ғалым, ағартушылармен қазақ мәдениеті әлемге әйгілі болды. [5] Қазак даласында сондай –ақ академик В.В. Радлов қазақ фольклоры мен этнографиясы жөнінде аса мол мұралар жинағы Г.Н. Потанин, Т.Г. Шевченко, геолог В.А. Обручев және Абайдың досы Е.П. Михаэлс, Орта Азия және Қазақстанды араған жихангез саяхатшылар – П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, Н.М. Пржевальский, мың халық әндері мен күйлерін талмай жинап нотага түсірген А. Затаевич, қазақ халқының этнографиясымен тарихын тұрмысын айшықты бейнелеген Н.Г. Хлудов сияқты т.б. талантты орыс ғалымдары да көп еңбектеніп мол мұра қалдыруды. Олардың тамаша тарихи еңбектерінің өзі кейін баға жетпес мұраларға айналды.

Осындай жекеленген ғалымдармен қатар қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда ғылыми қоғамдармен түрлі комиссиялар жемісті жұмыс жасады. Атап айтқанда, олардың қатарында еңбек еткен Семей статистикалық комитетінің негізінде құрылған Орыс географиялық қоғамының Семей болімшесінің 1886 жылдың мүшесі болған ұлы ақын Абайдың болған.

Географиялық қоғам Қазақстанның фольклоры, этнографиясы, тарихи мен географиясын зерттеу ісінде мол қызмет атқарады. Кейін «Қазақстанның зерттеу орталығы» болып өзгерілген Орыс географиялық қоғамының Семей болімшесі еліміздің мәдениетмен экономикасының мәселелерін зерттеу ісіне үлкен үлес қосты. Құрамында қоптеген өлкетанушылардың ғалымдарды бар бірнеше экспедициялар ұйымдастырылып, нәтижесінде Қазақстанның экономикасы мен мәдениетті мәселелерін қамтыған 40 томдық ғылыми еңбек басып шыгарды. Жақсы ұйымдастырылған өлкетану жұмыстары ғылымның дамуы мен Отандық мәдениетке көп пайдалын тигізіп келген. Өлкетанушылардың бірі табиғатты зерттең, пайдалы қазба, емдік, техникалық және жемдік, есімдік жақсы жайылым, су ресурстарын тауып жатса бірі түрлі саяси әлеуметтік оқиғаларға қатысты материалдар жинақтау жұмыстарымен айналысты. [6]

Археологиялық және тарихи –ескерткіштерді тіркеу, этнографиялық экспонаттар жинау, халық фольклорын жазып алу сияқты сан саналы, жан-жақты жұмыстар тындыруды. Кеңес дәүірінде өлкетанушылық ісін басқару мен ұйымдастыру Қазақстан Министрлер Кеңесінің шешімімен Қазак ғылым академиясына жергілікті музей мектеп және әр түрлі ауылшаруашылық пункттері мен ғылыми мекемлердегі өлкетанушылар арқылы жүргізілді.

1949 жылдың желтоқсан айында Алматы қаласында Республикалық музей қызметкерлерінің семинары мен Қазақстан Орталық музейінің ғылыми кеңесінің ғылыми сессиясы өтті. Семинар жұмысына облыстық, аудандық өлкетану және тарихи, мемориалдық музейлердің директоры, Қазақстан мемлекеттік Орталық музейінің қызметкерлері, Қазақ ғылым академиясының және Жоғарғы Оку Орындарының қызметкерлері қатысты. Семинарда музейлердің қайта құру ісіне арналған 14 баяндама тындалып, талқыланды және музей жұмысының мынандай мәселерінің қайта құру көректігі айтылды: 1.Корларды игеру мен ғылыми сипаттама жазу. 2.Музей профиліне сай белгілі ғылыми мәселелерді айқындау. 3.Экспозицияларды қазіргі заман Оталабына сай қайта жасау және жетілдіру жұмыстары. 4. Жинақтаушылық және экспозициялық жұмыстар жолымен өлкенің мәдениеті, тұрмысы мен экономикасын зерттеу; 5. Консультациялық-анықтамалық, әдістемелік және баспа қызметімен шұғылдану т. б..

Қазіргі кезде өлкетану жұмысының негізінен Қазақстан Республикасының мәдениет министрлігінде түрлі дәрежелердегі ұлттық, мемлекеттік облыстық, аудандық және ауылдық музейлерде ойластырылған. Сондай-ақ ҰҒА –ның түрлі институттарының жекеленген музейлері (археология музейі, биология музейі, геология музейі және басқа жекеленген салалардың музейлері) Қазақстан экономикасы, ғылымы мен мәдениетін әр қырыннан танытуда. Жоғарыда айтылғандай өлкетану музейлерінің жұмыстарын кешенді ұйымдастыруды шаралары әр кезеңде атқарылып келеді.

Қазір Қазақстанда тарихи, өлкетану бағыттарындағы музейлер басым. Оларға мемлекет тарапынан көп көңіл болінуде. Себебі: онда ғылыми жинақтау, ғылыми қор, экспозиция, көрме, үгіт насиҳат бағыттың істеп, жас үрпакты тәрбиелеу жұмыстарында маңызды рөл атқаруда. Музей қоғамдық институт ретінде атқаратын әлеуметтік функцияларын қоғамдық –экономикалық жағдайға сай жүргізеді .

Әдебиеттер

1. Мустапаев Д.Ә. Қазақстандағы музей ісінің тарихы. –Түркістан, 2011. – 200 б;

2. Райымхан К. Н., Катран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы – Алматы, 2002. – 89 б.
3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі. - Алматы, 2009. – 175 б.
4. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. Алматы, 1982 - 168 б.
5. Атырау облыстық әкімдігінің мәдениет басқармасы. Алматы, 2010 – 98 б.
6. Ибраева А.Ф. Алғашқы музейлердің коллекциялық қорының қалыптасуы // Қарағанды университетінің Хабаршысы. – Қарағанды, 2007. – № 4 (48). – 14-19 бб.

Резюме

Дарашова З.Б., Абдурахманов Н.А.

ЮКМА, Шымкент

ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ КРАЕВЕДЧЕСКИХ МУЗЕЕВ В ШКОЛЕ

В данной статье рассматриваются основные воспитательные направления краеведческих музеев в школе. Их значение в процессе преподавания истории и географии для учащихся. Современное положение краеведческих музеев, их духовное развитие для молодежи.

Summary

Darashova Z.B., Abdurakhmanov N.A.

EDUCATIONAL DIRECTIONS OF LOCAL HISTORY MUSEUMS AT SCHOOL

This article discusses the main educational areas of local history museums in the school. Their importance in the process of teaching history and geography to students. The current situation of local history museums, their spiritual development for young people.

МРНТИ: 03.01.20.

Nigmatullina Shynar Shaymerdenovna

South Kazakhstan Medical academy Shymkent, Kazakhstan, china_nig@mail.ru

THE 550TH ANNIVERSARY OF THE KAZAKH KHANATE IS THE BASIS OF THE KAZAKH STATEHOOD

Summary

Each state in its history seeks to gain independence and the ability to go its own development path.

The well-thought-out policy and nature of Elbasy has led the economy of Kazakhstan to the status of one of the fastest growing economies in the world also in Central Asia. Thanks to the personal contribution of the First President and strong popular support, the Kazakhstan Development Model has become widespread in the world community. This model is the gradual and confident development of the state at a deeply thought-out course.

We have built good relations with all countries of the world and have maintained peace in multinational Kazakhstan. The chairmanship of the OSCE, the holding of the Asian Winter Games, the implementation of the industrial and innovative program, the construction of Astana, the economic recovery, the successful holding of the international exhibition EXPO - 2017, the country's unquestioned authority in the international arena - all these important achievements were realized under the leadership of the First President of Kazakhstan and related to his by name.

Keywords: independent, united nations, central Asia, world, Eurasian.

Independent Kazakhstan as Part of the International Relations System

With the collapse of the Soviet Union and the emergence of new sovereign states the international system underwent profound changes. Independent Kazakhstan faced a task of creating favorable conditions for independent existence, maintaining stability, finding an optimal place of the Republic in the international community to achieve the international authority and respect for the country and people from other states and peoples of the world. In order to implement the above mission, Kazakhstan external policy is based on the doctrine of building good-neighborly relations with neighboring countries along the perimeter of the state border as a super-priority and as a constant of our behavior in long-term perspective. The Head of State Nursultan Nazarbayev emphasizes the importance of friendship and cooperation of Kazakhstan with its neighbors in Central Asia — Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Turkmenistan. In security system of Kazakhstan an important role is given to the Collective Security Treaty (CST), which was signed in Tashkent on May 15, 1992.

At the anniversary summit of the Collective Security Treaty in Moscow in May 2002, Kazakhstan supported the idea of the Russian President Vladimir Putin on the transformation of the CST in the Collective Agreement Security Organization (CSTO). In October 1992 at the 47th UN General Assembly, the President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev was the first to introduce the idea of convening a Conference on Interaction and Confidence-Building Measures in Asia (CICA). Armenia signed the Agreement of Accession to the Union on October 10, 2014, and Kyrgyzstan - on December 23, 2014. Eurasian economic union is an international organization of the regional economic integration, which has an international character. The main

